

## **Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 12 ақпандағы № 28 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 ақпанда № 22223 болып тіркелді.

"Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 2, 9, 11-1, 12, 15-1, 15-2, 16, 16-4, 17, 18, 18-1, 20, 37-1, 43, 53, 54-1, 69-1, 72-1, 75-1, 79-баптарына, "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 2, 4-баптарына, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 2, 19, 22, 26-1-баптарына, "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 3, 17-1-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

*М. Абылкасымова*

Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын реттеу  
және дамыту Агенттігінің

## **Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі**

1. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 24 қыркүйектегі № 345 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2548 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысудың үлгі шартта:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қор ) Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Төраға \_\_\_\_\_ арқылы және \_\_\_\_\_ сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы (бұдан әрі – сақтандыру ұйымы - қатысушы) Жарғы (Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы туарлы ереже) негізінде іс-әрекет жасайтын Төраға (бұдан әрі – Филиалдың басшысы) \_\_\_\_\_ арқылы, бұдан әрі Тараптар деп аталады, төмендегілер туралы шарт жасады:

Осы шартта пайдаланылатын ұғымдардың "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) айқындалған түсіндірмелері бар.

Осы шарттың Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу тәртібіне реттейтін ережелері "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып сақтандырудың кепілдік берілген түрлері бойынша Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады".";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары-қатысушылар міндетті жарналарды есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей әрбір тоқсанның қорытындысы бойынша Қордың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған шотына өзі төлейді.

"Өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары-қатысушылар міндетті жарналарды міндетті жарналар мөлшерлемесі бекітілгеннен кейін күнтізбелік 15 (он бесінші) күннен кешіктірмей қаржы жылының

қорытындысы бойынша Қордың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған шотына өзі төлейді.";

4-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-3. "Жалпы сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы-қатысушы қосымша жарналарды Қордың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде зиянды өтеу резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған шотына есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінші күнінен кешіктірмей әр тоқсанның қорытындысы бойынша дербес төлейді.";

15-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

"15-тарау. Тараптардың орналасқан жері, банктік деректемелері және тараптардың қолдары

Қор: Сақтандыру ұйымы - қатысушы:

\_\_\_\_\_  
(заңды мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, факс, e-mail)

\_\_\_\_\_  
(атауы, заңды мекенжайы, бизнес сәйкестендіру нөмірі, телефон нөмірі, факс, e-mail)

\_\_\_\_\_  
Банктік деректемелері (банктің атауы, ағымдық шоттың №)

\_\_\_\_\_  
Банктік деректемелері (банктің атауы, ағымдық шоттың №)

Қор: Сақтандыру ұйымы - қатысушы:

Төраға \_\_\_\_\_

Төраға (Филиалдың басшысы) \_\_\_\_\_".

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 16 ақпандағы № 35 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2752 болып тіркелген, 2005 жылғы 14 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде № 101-102 (726) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" 2007 жылғы 28 ақпандағы, "Акционерлік қоғамдар туралы" 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына ішкі аудит жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді."

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, оның филиалдары мен өкілдіктерін қоса алғанда, сондай-ақ сақтандыру агенттерінің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының (бұдан әрі – сақтандыру ұйымдары) қызметіне ішкі аудит жүргізу тәртібі сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, осы Талаптарда анықталған ерекшеліктер ескеріле отырып сақтандыру ұйымының құрылтай және ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.";

мынадай редакциядағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Осы Талаптардың 5 және 6-тармақтарының талаптарын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолдану мақсаттары үшін Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалының іші құжаттары мен рәсімдерін бекітуді Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті уәкілетті органы жүзеге асырады."

3. "Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі № 274 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3190 болып тіркелген, 2005 жылғы 12 тамызында "Заң газеті" газетінде № 147-148 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу

қағидаларын, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттарын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттары";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттары "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және исламдық сақтандыру ұйымдарын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының (бұдан әрі - сақтандырушы) сатып алу сомасының шегінде өз сақтанушыларына қарыздар беру, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру ұйымының филиалын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына сатып алу

сомасы шегінде қарыздар беру бойынша қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ сатып алу сомасын есептеу тәртібін белгілейді.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтанушыларға қарыздар беру жөніндегі қызметті қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары жүзеге асырады.

Уәкілетті органның "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде қарыздар беру бойынша қызмет көрсетуді ұсынады."

4. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 85 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4204 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулықта:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулық "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына, 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне (Ерекше бөлім) сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптарды айқындайды.";

1-тармақтың 5) және 6) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) жүктеме – сақтандырушының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру операцияларын жүргізуге арналған әкімшілік шығыстарын, көзделмеген шығыстар мен кірістерді өтеуге арналған брутто-мөлшерлеменің бөлігі;

6) нетто-мөлшерлеме – сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға арналған ресурстарын қалыптастыруға арналған брутто-мөлшерлеменің бөлігі";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Сақтандыру тарифтерін осы Нұсқаулықтың талаптарына сәйкес есептеу барлық сыныптар, сондай-ақ сақтандырудың белгілі бір сыныбына кіретін сақтандыру түрлері бойынша жүргізіледі және оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы үш жылда бір реттен кем емес уақытта қайта қарайды.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Сақтандыру сыныбы (түрі) бойынша сақтандыру тарифтерін есептеудің нәтижелерінде мынадай көрсеткіштер анықталуға және негізделуге тиіс:

1) сақтандыру тарифінің негізгі, ең төменгі негізгі және ең жоғары негізгі мөлшері;

2) есептелген негізгі сақтандыру тарифтеріне осы коэффициенттердің шамаларын негіздеу арқылы дифференциация коэффициенттерін қолдануды тартатын тәуекел факторлары;

3) сақтандыру сыныбы (түрі) бойынша тәуекелдерді (сақтанушыларды) толық жіктеу жасау;

4) сақтанушылардың (сақтандырылған) санаттарына және қабылданған жіктеуге сәйкес сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдеріне байланысты сақтандыру тарифтерін (сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін) бөлу кестесі.

Осы тармақтың 4) тармақшасының талаптары "өмірді сақтандыру" саласының сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымына және Қазақстан

Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылмайды."

17-1, 17-2 және 17-3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"17-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы интернет-ресурста немесе клиенттер көру үшін қолжетімді жерде сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру тарифтерінің мөлшері туралы ақпаратты:

1) сақтандыру тарифінің негізгі, ең төменгі негізгі және ең жоғарғы негізгі мөлшерлері;

2) дифференциялау коэффициенттері;

3) сақтанушылардың (сақтандырылушының) санаттарына және қабылданған жіктеуге сәйкес сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдеріне байланысты сақтандыру тарифтерін (сақтандыру сыйлықақыларының мөлшерін) бөлу кестесі туралы ақпаратты қоса алғанда, бірақ олармен шектемей орналастырады.

Осы тармақтың 3) тармақшасының талаптары "өмірді сақтандыру" саласының сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарына және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылмайды.

17-2. Осы Нұсқаулықтың 17-1-тармағында көрсетілген ақпаратты орналастыру үшін меншікті Интернет-ресурс немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының бас офисінде және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарындағы үй-жай, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының клиенттері еркін кіре алатын сақтандыру агентінің (заңды тұлғаның) үй-жайы пайдаланылады.

17-3. Осы Нұсқаулықтың 17-1-тармағында көрсетілген ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, осы ақпарат жасалған күн мен уақыт және оны қолдау кезеңі көрсетіле отырып орналастырылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру тарифтерінің мөлшерін қайта қараған кезде, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы оларды актуарий бекіткен күннен бастап үш күн ішінде өзінің интернет-ресурсындағы және (немесе) клиенттердің көруі үшін қолжетімді жердегі тиісті ақпаратты жаңартады."

5. "Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын



және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 177 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4860 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметіне қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Талаптарда Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйенің қауіпсіздігін басқарушы (бұдан әрі – басқарушы) – Ұйымның және дерекқорды пайдаланушының электронды деректерді алу және (немесе) беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін, оларды қорғау шараларын іске асыратын, келіп түскен және (немесе) беріліп отырған ақпаратты оның функциялары мен өкілеттігін ескере отырып генерациялауды қамтамасыз ететін қызметкері;

2) ақпараттық қауіпсіздік саясаты – шектеулі таратылатын ақпаратты басқаруды, қорғауды және бөлуді реттейтін нормалар және практикалық тәсілдер;

3) бірдейлендіру – ұсынылған деректемелердің жүйеде бар деректемелермен сәйкес келуін айқындау арқылы кіру субъектісі мен объектісінің түпнұсқалығын растау;

4) дерекқорларды пайдаланушы – сақтандыру есептерін ақпарат жүйесінде қалыптастыруға және пайдалануға қатысушы және Заң талаптарына сәйкес ақпарат ұсынуды және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарт жасауы міндетті Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 4-тармағының 3) және 5) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру есебін алушылар және Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілгендей ақпаратты жеткізушілер;

5) жауапты тұлға – ақпаратты қорғау құралдарын санкцияланбаған кіруден қорғауды және бақылауды қамтамасыз ететін Ұйымның және деректер базасын пайдаланушының қызметкері;

6) зиянды бағдарламалық қамтамасыз ету (компьютерлік вирустар, желілік зиянкестер және осыған ұқсас бағдарламалық қамтамасыз етулер) – өз көшірмесін жасау қабілеті бар (ішінара немесе түпнұсқамен толық түрде дәл келетін) және оларды деректер базасын пайдаланушының сұрауынсыз компьютер жүйесінің, желілердің әр түрлі объектілеріне және (немесе) ресурстарына енгізу қабілеті бар орындалатын код жиынтығы;

7) нақты уақыт режимі – сақтандыру шарты жасалған күннен кейінгі күні Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен сағат 12.00 дейін келіп түсуді, ақпаратты өңдеуді және айырбастауды қамтамасыз ететін, сақтандыру есептерін қалыптастыру мен пайдаланудың ақпарат жүйесінің жұмыс режимі;

8) негізгі ақпарат – криптографиялық кілттер және электронды цифрлық қолтаңба кілттері;

9) оператор – қорғаныс жүйесін пайдалану арқылы хабарламаларды қабылдау, жинау, өңдеу, беру және қабылдауды тікелей жүзеге асыратын дерекқорды пайдаланушы қызметкер;

10) сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесі – "Сақтандыру қызметі туралы Заңның 80-бабының 3-тармағында көрсетілгендей ақпаратты жеткізуші Ұйым іске асыруға арналған ақпаратты жеткізушілердің, ақпараттық процестердің сақтандыру есептерін алушылардың (дерекқор субъектісін қоспағанда) олардың бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі ақпараттық технологияларының, ақпараттық желілерінің құрал-жабдықтарының жиынтығы;

11) сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесін қорғау жөніндегі шаралар – сақтандыру есептерін қалыптастырудың және пайдаланудың ақпараттық жүйесінің жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру-техникалық іс-шаралар, оның ішінде белгіленген бағдарламалық қамтамасыз етуге кіруге бақылауды және тіркелген пайдаланушылардың өкілеттігін шектемейтін құралдарды беруді қамтамасыз ететін санкцияланбаған кіруден электронды құралдар мен компьютерлерді қорғайтын бағдарламалық-аппараттық қорғаныс;

12) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясының негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалды;

13) сәйкестендіруші – бірегей дербес код және (немесе) жүйенің субъектісіне және (немесе) объектісіне берілген және жүйеге және (немесе) жүйе ресурстарына ретпен кіруге арналған есім;

14) сәйкестендіру – жүйеде бар сәйкестендірушілер тізбесінің жүйеге және (немесе) сәйкестендіруші жүйесінің ресурсына кіруге рұқсат алу үшін жасалған иелену немесе сәйкестікті белгілеу процесі;

15) уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.";

3- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру есептерін қалыптастыру үшін Сақтандыру қызметі туралы заңның 80-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Ұйымның және ақпаратты жеткізушінің арасында ақпаратты ұсыну және (немесе) сақтандыру есептерін алу шарты жасалады.

Ақпаратты ұсыну және (немесе) сақтандыру есептерін алу туралы шарттың мазмұнына қойылатын талаптар Сақтандыру қызметі туралы заңның 83-бабында белгіленеді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Сақтандыру қызметі туралы Заңының 80-бабының 3-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген сақтандыру есебін алушының лауазымдық міндеттеріне

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттарын жасау кіретін қызметкерлерінің және өздеріне берілген өкілеттіктеріне сәйкес сақтандырушының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасау жөніндегі делдалдық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін негізді түрде қолдану мақсатында Міндетті сақтандыру туралы Заңының 19-бабының 10-тармағында белгіленген деректер базасының субъектісіне берілген сынып (дерекқордың субъектісінде сақтандыру жағдайларының болуы және болмауы) туралы сақтандыру есебін қабылдайды."

6. "Тікелей реттеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 25 маусымдағы № 179 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4857 болып тіркелген, 2007 жылғы 5 қыркүйекте "Заң газеті" газетінде № 135(1164) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тікелей реттеуді жүзеге асыру ережесінде:

1, 2, 2-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ереженің мақсаттары үшін Заңда көрсетілген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жауапты сақтандырушы – зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғамен көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы;

2) сақтандыру жағдайын реттеумен байланысты шығыстар – сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша, келтірілген зиян мөлшерін бағалау бойынша шығыстары, сондай-ақ сақтандыру жағдайының фактісін және мән-жайын анықтауға байланысты қосымша сараптамалар бойынша шығыстар. Бұл ретте қосымша сараптамалар бойынша шығыстар сақтандыру төлемі мөлшерінің он пайызынан аспайды;

3) тікелей сақтандырушы – зардап шегушімен көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартын жасасқан сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы;

4) уәкілетті орган - қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

2. Тікелей реттеу мынадай барлық талаптар орындалған жағдайда жүзеге асырылады:

1) зардап шегушіде және зардап шегуші деп танылған тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиян келтіру салдарынан азаматтық-құқықтық жауапкершілігі басталған тұлғада сақтандыру полисінің (қолданыстағы көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының) болуы;

2) көлік оқиғасының Қазақстан Республикасының аумағында болуы;

3) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығын лицензиясы бар Қазақстан Республикасының резиденттер-сақтандыру ұйымдарында, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарында сақтандырылған болса;

4) көлік оқиғасы екі және одан көп көлік құралдарының қатысуымен болған жағдайда.

2-1. Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруды жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары сақтандыру омбудсманның веб-сайтында тікелей реттеу бойынша ақпаратпен алмасу үшін сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының деректемелерін орналастырады."

7. "Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптарды, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктерін, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 болып тіркелген, 2010 жылғы 30 қазанда "Егемен Қазақстан" газетінде 450-451(26294) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығына қатысушылармен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын талаптарда, сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктерінде, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптар";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптар, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-1, 18 және 18-1-баптарына сәйкес сақтандыру шарттарын жасау және орындау кезінде, оның ішінде сақтандыру агенті сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының атынан және тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасау бойынша делдалдық қызметті жүзеге асыру кезінде туындайтын процестерді реттеу мақсатында әзірленді.

Талаптарға сәйкес дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау 2013 жылғы 21 мамырдағы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Сақтандыру ұйымының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарды, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарды реттейтін ережелері "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.";

1-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру ұйымы  
филиалының сақтандыру, оның  
ішінде сақтандыру нарығының  
қатысушыларымен өзара қарым-  
қатынастағы қызметін жүзеге  
асыруына, сақтандыру ұйымы  
мен сақтандыру агентінің  
арасында жасалатын тапсырма  
шартына қойылатын және  
сақтандыру агентінің  
сақтандыру нарығында  
делдалдық қызметті жүзеге  
асыруға өкілеттіктеріне  
қойылатын талаптарға, сондай-  
ақ сақтандыру агенттерін  
оқытудың ең қысқа  
бағдарламасын және оқытуды  
жүргізудің тәртібіне қойылатын  
талаптарға  
1-қосымша";

2-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру ұйымы  
филиалының сақтандыру, оның  
ішінде сақтандыру нарығының  
қатысушыларымен өзара қарым-  
қатынастағы қызметін жүзеге  
асыруына, сақтандыру ұйымы  
мен сақтандыру агентінің  
арасында жасалатын тапсырма  
шартына қойылатын және

сақтандыру агентінің  
сақтандыру нарығында  
делдалдық қызметті жүзеге  
асыруға өкілеттіктеріне  
қойылатын талаптарға, сондай-  
ақ сақтандыру агенттерін  
оқытудың ең қысқа  
бағдарламасын және оқытуды  
жүргізудің тәртібіне қойылатын  
талаптарға  
2-қосымша";

3-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру ұйымы  
филиалының сақтандыру, оның  
ішінде сақтандыру нарығының  
қатысушыларымен өзара қарым-  
қатынастағы қызметін жүзеге  
асыруына, сақтандыру ұйымы  
мен сақтандыру агентінің  
арасында жасалатын тапсырма  
шартына қойылатын және  
сақтандыру агентінің  
сақтандыру нарығында  
делдалдық қызметті жүзеге  
асыруға өкілеттіктеріне  
қойылатын талаптарға, сондай-  
ақ сақтандыру агенттерін  
оқытудың ең қысқа  
бағдарламасын және оқытуды  
жүргізудің тәртібіне қойылатын  
талаптарға  
3-қосымша";

4-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру ұйымы  
филиалының сақтандыру, оның  
ішінде сақтандыру нарығының  
қатысушыларымен өзара қарым-  
қатынастағы қызметін жүзеге  
асыруына, сақтандыру ұйымы  
мен сақтандыру агентінің  
арасында жасалатын тапсырма  
шартына қойылатын және  
сақтандыру агентінің  
сақтандыру нарығында  
делдалдық қызметті жүзеге  
асыруға өкілеттіктеріне  
қойылатын талаптарға, сондай-  
ақ сақтандыру агенттерін  
оқытудың ең қысқа

бағдарламасын және оқытуды  
жүргізудің тәртібіне қойылатын  
талаптарға  
4-қосымша";

5-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру ұйымы  
филиалының сақтандыру, оның  
ішінде сақтандыру нарығының  
қатысушыларымен өзара қарым-  
қатынастағы қызметін жүзеге  
асыруына, сақтандыру ұйымы  
мен сақтандыру агентінің  
арасында жасалатын тапсырма  
шартына қойылатын және  
сақтандыру агентінің  
сақтандыру нарығында  
делдалдық қызметті жүзеге  
асыруға өкілеттіктеріне  
қойылатын талаптарға, сондай-  
ақ сақтандыру агенттерін  
оқытудың ең қысқа  
бағдарламасын және оқытуды  
жүргізудің тәртібіне қойылатын  
талаптарға  
5-қосымша";

6-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру ұйымы  
филиалының сақтандыру, оның  
ішінде сақтандыру нарығының  
қатысушыларымен өзара қарым-  
қатынастағы қызметін жүзеге  
асыруына, сақтандыру ұйымы  
мен сақтандыру агентінің  
арасында жасалатын тапсырма  
шартына қойылатын және  
сақтандыру агентінің  
сақтандыру нарығында  
делдалдық қызметті жүзеге  
асыруға өкілеттіктеріне  
қойылатын талаптарға, сондай-  
ақ сақтандыру агенттерін  
оқытудың ең қысқа  
бағдарламасын және оқытуды  
жүргізудің тәртібіне қойылатын  
талаптарға  
6-қосымша";

7-қосымшадағы жоғарғы оң жақ бұрыштағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымының,  
Қазақстан Республикасы



бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастағы қызметін жүзеге асыруына, сақтандыру ұйымы мен сақтандыру агентінің арасында жасалатын тапсырма шартына қойылатын және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруға өкілеттіктеріне қойылатын талаптарға, сондай-ақ сақтандыру агенттерін оқытудың ең қысқа бағдарламасын және оқытуды жүргізудің тәртібіне қойылатын талаптарға 7-қосымша".

8. "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының кепілдік төлемдерін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6287 болып тіркелген, 2010 жылғы 31 қарашада "Егемен Қазақстан" газетінде № 506-512 (26355) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының кепілдік төлемдерін жүзеге асыру ережесінде:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры" акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қор) кепілдік төлемдерін жүзеге асыру ережесі Қордың Қор қатысушысы – мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының кредиторларына кепілдік төлемдерін жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Мәжбүрлеп таратылатын Қор қатысушысы – сақтандыру ұйымының кредиторларына кепілдік төлемдерін жүзеге асыру тәртібін реттейтін осы Ереженің талаптары уәкілетті орган оларға қатысты сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиядан айыру туралы шешім қабылдаған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына (қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Сақтандыру қызметі туралы заң) және "

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып қолданылады".";

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) кредитор - Қор кепілдік беретін, сақтандыру жағдайы басталған кезде мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының міндетті сақтандыру шарты бойынша, таратылатын сақтандыру ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша кепілдік төлем алуға құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) не сақтандыру шарты мен Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде келтірілген зиянды жәбірленушіге (зиянның өтелуіне құқығы бар адамға) өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге де тұлға";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы (қатысушы-сақтандыру ұйымы) – Қормен қатысу шартын жасасқан және оның акционері болып табылатын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы";

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) сақтандырудың міндетті түрлері бойынша кепілдік төлем – Сақтандыру қызметі туралы заңда көзделген жағдайларда, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының, қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру шарты бойынша Қор "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы заңында (бұдан әрі - Заң) көзделген тәртіппен және талаптармен басталған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Кредитор Заңның 15-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша кепілдік төлемін алу үшін Қорға өтініш берген жағдайда, кепілдік төлемін жүзеге асыру жөніндегі жазбаша өтінішке мынадай растайтын құжаттарды:

1) сақтандыру төлемін жүзеге асырудан не сақтандыру төлемін толық емес көлемде жүзеге асырудан заңсыз бас тартқан жағдайда сақтандыру ұйымы мен сақтанушы (сақтандырылушы) арасында жасалған бітімге келу келісімін, сақтандыру төлемін не сақтандыру төлемінің даулы бөлігін заңды күшіне енгені жөніндегі белгімен жүзеге асыру туралы соттың шешімін; не сот актісі болмаған жағдайда мәжбүрлеп

таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру төлемінен бас тарту немесе оны ішінара жүзеге асыру туралы шешімін (бар болғанда), сондай-ақ жүзеге асырылған сақтандыру төлемінің көлемін растайтын төлем құжаттарын, сақтандыру жағдайының басталу фактісін және келтірілген зиян мөлшерін растайтын құжаттарды;

2) егер сақтандыру жағдайы қатысушы сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен (сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қатысушысы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалын лицензиядан айырған күннен) бастап мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін табыстау күніне дейінгі кезеңде болған жағдайда - кредитор сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы талабын қойған кезде ұсынатын Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы немесе сақтандыру шартында көзделген құжаттарды, сондай-ақ болжамды сақтандыру төлемінің мөлшерін не оны жүзеге асырудан бас тарту себептерін көрсете отырып, осы талапты қарау қорытындылары бойынша таратылатын сақтандыру ұйымы уақытша әкімшілігінің (тарату комиссиясының) шешімін бар болған - қоса береді.

Растайтын құжаттар болмаған жағдайда, кредитор мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөнінде өтініш (шағым) береді.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы Ереженің 6-тармағында көзделген жағдайда кредиторларға сақтандыру (кепілдік) төлемін жүзеге асыру үшін Қор қатысушы-мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымы туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен (сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қатысушысы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалын лицензиядан айырған күннен) бастап екі жұмыс күні ішінде тарату комиссиясынан жазбаша түрде сақтандыру шарты бойынша, оның ішінде осы шарттар бойынша есептелген және төленген сақтандыру сыйлықақының мөлшері туралы ақпаратты бере отырып, кредиторлар тізілімін сұратады.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Егер қатысушы сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен (сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қатысушысы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалын лицензиядан айырған күннен) бастап мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін табыстау күніне дейін Қор Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріндегі талаптарға сәйкес кредитордың талабын қабылдаған ішіндегі уақыт кезеңі аяқталғанға дейін сақтандыру жағдайының басталуына әкеліп соқтырған оқиғаның нәтижесінде кредитордың денсаулығы нашарласа (мүгедектік немесе мүгедектіктің ең жоғарғы тобы белгіленеді) не ол қайтыс

болса, Қор кредитордан немесе оның мұрагерлерінен келіп түскен өтініштің және тиісті құжаттардың негізінде Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңнамалық актілерінде немесе сақтандыру шартында белгіленген тәртіппен және мерзімде кепілдік төлемінің сомасын қайта есептейді. Кепілдік төлемінің сомасын қайта есептеген кезде есепке бұрын төленген сомалар қабылданады.";

32-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"32. Қор және тарату комиссиясы қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңдық күшіне енген күнінен (сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қатысушысы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалын лицензиядан айырған күннен) бастап екі ай мерзімі өткеннен кейін мынадай мәліметтері:

1) кредиторлар деректері, кепілдік төлемінің мөлшері, сондай-ақ кепілдік төлемін жүзеге асыруға байланысты Қорға келтірілген шығыстар мөлшері көрсетілген кепілдік төлемін алған кредиторлар тізімі;

2) кредиторлар деректері көрсетілген кепілдік төлемін жүзеге асыруға бас тарту туралы шешімі қабылданған кредиторлар тізімі;

3) тарату комиссиясына қайтарылған сақтандыру істерінің тізімі қамтылған салыстырып тексеру актісіне қол қояды.";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Қор кепілдік төлемін жүзеге асырған кредиторлардың құжаттары қатысушы-сақтандыру ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен (сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензияның қатысушысы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалын лицензиядан айырған күннен) бастап Қорда үш жыл бойы сақталады.".

**9. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 387 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8329 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда " Егемен Қазақстан" газетінде № 190-191 (27464-27465) жарияланған), мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары

филиалдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары филиалдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібі (бұдан әрі - Әдістеме) бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесінде, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары - сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары филиалдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібі"

;

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорының қатысушылары – сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары филиалдарының міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесін, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру мен есепке алу тәртібі (бұдан әрі – Әдістеме) "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорымен қатысу шарттарын жасасқан сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары филиалдарының (бұдан әрі – қатысушы сақтандыру ұйымдары) міндетті, қосымша жарналардың, шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеуді, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдерін, шартты міндеттемелерді қалыптастыру және есептеу тәртібін айқындайды.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әдістеменің 2-тармағына сәйкес айқындалатын, "жалпы сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары үшін міндетті жарна мөлшерлемесін Қор есептейді және ол есептелген сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан кемінде 0,35 (нөл бүтін жүзден отыз бес) пайыз болады және есептелген сақтандыру сыйлықақыларының сомасынан 2 (екі) пайыздан артық болмайды.

Әдістеменің 2-тармағына сәйкес айқындалатын, "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары үшін міндетті жарна мөлшерлемесін Қор есептейді және есепті қаржы жылының басындағы сақтандырудың әрбір кепілдік берілген түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері және өткен қаржы жылының басындағы осындай резервтердің мөлшері арасындағы оң айырманың 1 (бір) пайызынан аспайды.

Қатысу шарты жасалғаннан кейін бірінші рет Қорға төленуге тиісті "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары үшін міндетті жарна мөлшерлемесі есепті қаржы жылының басындағы сақтандырудың әрбір кепілдік берілген түрі бойынша сақтандыру резервтері сомасынан кемінде 0,71 (нөл бүтін жүзден жетпіс бір) пайыз болады.";

5, 6, 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Қор Әдістеменің 4 және 4-1-тармақтарында көзделген ақпаратты алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жоғарылату коэффициентін ескере отырып, Заңының 4-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісім бойынша міндетті жарналар мөлшерлемесін есептейді, бекітеді және оны қатысушы сақтандыру ұйымдарына жібереді.

Қатысушы сақтандыру ұйымдары жасалған сақтандыру шарттарының саны, кепілдік берілген сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің жалпы сомасы, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің есептелген жалпы сомасы туралы дәйексіз (толық емес) ақпаратты берген жағдайда, Қор міндетті жарналар мөлшерлемесін түзетуді жүргізеді. Бұл ретте, міндетті жарналар мөлшерлемесі азайтылған жағдайда, Қор қатысушы сақтандыру ұйымдарының артық төлеген сомаларын олардың ағымдағы қаржы жылы үшін төлейтін болашақ жарналары есебіне есептейді. Міндетті жарналар мөлшерлемесі ұлғайтылған жағдайда, қатысушы сақтандыру ұйымдары Қорға Әдістеменің 7-тармағында көзделген мерзімде қосымша сомаларды төлейді.

Міндетті жарнаның негізгі мөлшерлемесі қатысушы сақтандыру ұйымының жиынтық (біріктірілген) балл мөлшеріне қарай тиісті жоғарылату коэффициентіне негізгі мөлшерлемені көбейту арқылы жеке ұлғайтылады. Жиынтық (біріктірілген)

балл алдыңғы қаржы жылының қорытындылары бойынша қатысушы сақтандыру ұйымының қаржылық жай-күйінің көрсеткіштері бойынша айқындалады, оның ішінде мынандай көрсеткіштер ескеріледі:

таза сақтандыру сыйлықақыларының (қайта сақтандырушының үлесін ескермегенде ) меншікті капиталына қатынасы (резерв ретінде қабылданатын активтердің мөлшері);

сақтандыру сыйлықақыларының (қайта сақтандырушының үлесін ескермегенде меншікті капиталына қатынасы (резерв ретінде қабылданатын активтердің мөлшері);

міндетті сақтандырудың кепілдік берілген түрінің сақтандыру ұйымының жиынтық сақтандыру портфеліндегі және жалпы нарықтағы үлесі;

сақтанушылардың сақтандыру шарттары бойынша берешегінің меншікті капиталға қатынасы (резерв ретінде қабылданатын активтердің мөлшері);

төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілік нормативін (Тмн) және өтімділігі жоғары активтердің жеткіліктілігі нормативін (Өжан) орындау;

активтердің жеткіліктілік нормативін (АЖН) орындау;

шығындылықты сипаттайтын коэффициенттер (аралас коэффициент);

іс жүргізуге арналған шығыстардың (комиссиялық сыйақылар мен әкімшілік шығыстар) сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы.

Жоғарылату коэффициентінің, жиынтық (біріктірілген) балл мен қаржылық жай-күй көрсеткіштерінің мөлшерлерін Қордың директорлар кеңесі белгілейді.

6. "Жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы міндетті жарна сомасын кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша есепті тоқсан ішінде есептелген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының сомасына (сақтандыру шарттары мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сақтанушыларға қайтарылған (қайтаруға тиісті) сақтандыру сыйлықақыларын шегере отырып) көбейту арқылы есепті тоқсаннан кейінгі айдың бірі күнгі жағдай бойынша тоқсан сайын дербес есептейді.

"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымы міндетті жарна сомасын есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері мен осындай резервтердің өткен қаржы жылының басындағы мөлшері арасындағы оң айырмаға көбейту арқылы жыл сайын дербес есептейді.

Қатысу шарты жасалғаннан кейін бірінші рет Қорға төленуге тиісті "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары үшін міндетті жарна мөлшерлемесін есептеу міндетті жарна мөлшерлемесін есепті қаржы жылының басындағы сақтандырудың әрбір кепілдік берілген түрі бойынша сақтандыру резервтерінің сомасына көбейту арқылы дербес жүргізіледі.

7. Міндетті жарналарды төлеуді "жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары Қордың "жалпы сақтандыру" саласы

бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктегі "жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған шотына есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей әрбір тоқсанның қорытындылары бойынша дербес жүргізеді.

"Өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары міндетті жарналарды төлеуді міндетті жарналардың мөлшерлемесін бекіткен күннен соң күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей қаржы жылының қорытындысы бойынша Қордың Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктегі "өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған шотына дербес жүргізеді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Қор Әдістеменің 4-тармағында көзделген ақпаратты алғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" 2003 жылғы 3 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 7) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен келісу бойынша қосымша жарналардың мөлшерлемесін есептейді, бекітеді және оны қатысушы сақтандыру ұйымдарына жазбаша түрде жібереді.

Қатысушы сақтандыру ұйымдары жасалған сақтандыру шарттарының саны, сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдерінің есептелген жалпы сомасы туралы дәйексіз (толық емес) ақпаратты берген жағдайда, Қор қосымша жарналардың мөлшерлемесіне түзету жүргізеді. Қосымша жарналар мөлшерлемесі азайған жағдайда, Қор тараптардың келісімі бойынша қатысушы сақтандыру ұйымдары артық төлеген соманы ағымдағы қаржы жылы үшін болашақ жарналарды төлеу есебіне есептейді немесе артық төленген сомаларды сақтандыру ұйымдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қайтарады. Қосымша жарналар мөлшерлемесі өскен жағдайда, қатысушы сақтандыру ұйымдары Әдістеменің 7-тармағында көзделген мерзімде Қорға қосымша есептелген сомаларды төлейді.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қатысушы сақтандыру ұйымдары әрбір тоқсанның қорытындылары бойынша есепті тоқсаннан кейінгі айдың он бесінен кешіктірмей зиянды өтеу резервінің қаражатын есепке алу үшін ашылған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкіндегі Қордың шотына қосымша жарналарды дербес төлейді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Әдістеменің 17-тармағына сәйкес айқындалатын "жалпы сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары қалыптастыруға жататын шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін Қор есептейді және өткен қаржы жылындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша



есептелген сақтандыру сыйлықақылары жалпы сомасының кемінде 1 (бір) пайызын құрайды және 4 (төрт) пайыздан аспайды.

Әдістеменің 17-тармағына сәйкес айқындалатын "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын қатысушы сақтандыру ұйымдары қалыптастыруға жататын шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін Қор есептейді және есепті қаржы жылының басындағы кепілдік берілетін сақтандырудың әрбір түрі бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшері мен осындай резервтердің өткен қаржы жылының басындағы мөлшері арасындағы оң айырманың 4 (төрт) пайызынан аспайды.

Қатысу шарты жасалғаннан кейін бірінші рет қалыптастырылуға тиісті "өмірді сақтандыру" саласында қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдары үшін шартты міндеттелердің мөлшерлемесі есепті қаржы жылының басындағы сақтандырудың әрбір кепілдік берілген түрі бойынша сақтандыру резервтері сомасынан кемінде 4 (төрт) пайыз болады."

11. "Түзету коэффициентін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы № 92 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11651 болып тіркелген, 2015 жылғы 29 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Түзету коэффициентін қолдану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Түзету коэффициентін қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарты (бұдан әрі - міндетті сақтандыру шарты) бойынша төленуге жататын сақтандыру сыйлықақысын есептеу кезінде түзету коэффициентін қолдану тәртібін белгілейді.

Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру ұйымына қатысты қолданылатын Қағидалардың талаптары Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының Қазақстан Республикасының аумағында ашылған филиалдарына қолданылады."

12. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 240 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13056 болып тіркелген, 2015 жылғы 5 наурызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Қоса беріліп отырған Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидаларында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидалары";

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының шығындылықты (шығындылық коэффициенті, шығындар коэффициенті, аралас коэффициент) сипаттайтын коэффициенттерін есептеу тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына қатысты қолданылатын талаптары Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарына қолданылады."

13. "Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 14 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13460 болып тіркелген, 2016 жылғы 11 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралына келтірілген зиянның мөлшерін айқындау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы;

2) түпнұсқалық жиынтықтаушы бұйым - көлік құралын дайындаушы тексерген және сертификаттаған түпнұсқалық автомобиль жиынтықтаушы бұйым (бөлшек, торап, агрегат, материал);

3) түпнұсқалық жиынтықтаушы бұйымның баламасы - түпнұсқалық жиынтықтаушы бұйымға ұқсас немесе өзінің өлшемдері бойынша сәйкес келетін автомобиль жиынтықтаушы бұйымы (бөлшек, торап, агрегат, материал).";

1-қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

14. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты "бонус-малус" жүйесі бойынша есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 140 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13928 болып тіркелген, 2016 жылғы 29 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты "бонус-малус" жүйесі бойынша есептеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты "бонус-малус" жүйесі бойынша есептеу қағидалары "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді) және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтанушыға (сақтандырылушыға) берілетін сыныпты "бонус-малус" жүйесі бойынша есептеу тәртібін айқындайды.

"Осы Қағидалардың мақсаты үшін мынадай ұғым пайдаланылады:

сақтандырушы – сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы."

15. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ

Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 75 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16944 болып тіркелген, 2018 жылғы 6 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, сақтандыру тобының және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесін бекіту туралы";

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесі.";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал ететін мынадай факторлар белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін төмендету;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының жоғары өтімді активтерінің жеткіліктілігі нормативін төмендету.";

1-қосымшаға сәйкес Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесінде:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесі.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының) және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды айқындау әдістемесі "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді";

мынадай редакциядағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау мынадай әдістеме бойынша жүзеге асырылады:

1) резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік нормативін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциалдық нормативтері және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілейтін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің ең төменгі мәнінен асатын төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің деңгейін 0,1 тармаққа төмендету;

2) резерв ретінде қабылданатын активтердің жеткіліктілік нормативін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциалдық нормативтері және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілейтін қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативінің ең төменгі мәнінен асатын төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің деңгейін 0,2 тармаққа төмендету.

"

16. "Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-тыйым салынған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 200 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17398 болып тіркелген, 2018 жылғы 04 қазанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бейрезидент-тыйым салынған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тізілімін жүргізу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тізілім Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының тізілімге енгізілген қайта сақтандырушыларға сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беру мүмкіндігін алып тастау мақсатында қалыптастырылады.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Уәкілетті орган қайта сақтандырушыларды тізілімге қосу туралы шешімді:

1) дербес;

2) Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының жазбаша өтініші негізінде қабылдайды.

Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының жазбаша өтінішіне тізілімге қосу үшін негіздемелер болып табылатын фактілердің бар екенін растайтын мәліметтер қоса беріледі."

17. Қайта сақтандыру жөніндегі қызметті, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметін жүзеге асыру қағидалары мен ерекшеліктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 203 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17460 болып тіркелді, 2018 жылғы 17 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қайта сақтандыру жөніндегі қызметті, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметін жүзеге асыру қағидалары мен ерекшеліктерінде:

2-тармақта:

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) қол қою парағы - сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы өзі қайта сақтандыруға қабылдайтын тәуекелдің үлесін көрсете отырып, белгі (қол және (немесе) мөртабан) жүргізетін қайта сақтандыру слипіне қосымша ретінде ресімдейтін құжат. Қол қою парағы ол ресімделген жағдайда, қайта сақтандыру слипінің ажырамас бөлігі болып табылады;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының комиссиясы - қайта сақтанушы (цедент) сақтандыру брокеріне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалына соңғының нысандарды (тәуекелдерді) қайта сақтандыруға бергені үшін төленетін сыйақы;"

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы қайта сақтандыру шартын құжатпен ресімдеу және оған қол қою тәртібін көздейтін ішкі қағидалар мен рәсімдердің болуын, оның ішінде Қағидаларда көзделген жағдайларды қоспағанда, мерзімдері мен уәкілетті адамдарды айқындауды қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының бейрезидент-қайта сақтандыру ұйымымен қайта сақтандыру шарты жасалған кезде Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалында (бұдан әрі - қайта сақтандыру шартының қайта сақтанушысы (цедент) қайта сақтандыру шартының (барлық қосымшаларды қоса алғанда) болуы қамтамасыз етіледі, онда қол қоятын адамының тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса), сондай-ақ лауазымы міндетті түрде көрсетіле отырып тәуекелдерді орналастыруға қатысатын барлық қайта сақтандырушылардың не тәуекелдің неғұрлым көп үлесін қабылдайтын қайта сақтандырушының (жетекші қайта сақтандырушының) қолдары болуы тиіс.

Қайта сақтанушыда (цедентте) қайта сақтандыру шартының болуы сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға беру Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің қатысуынсыз Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының делдалдығы арқылы не қаржы ұйымдарының қызметін реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) лицензиясы негізінде сақтандыру брокерінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында еншілес ұйымы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері арқылы қайта сақтандыру ковернотын ресімдеу не қол қою парағымен қайта сақтандыру слипін ресімдеу арқылы жүзеге асырылған жағдайларда міндетті емес.

Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы сақтандыру тәуекелдерін Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің делдалдығы арқылы қайта сақтандыруға беру процесіне қатысқан жағдайда, Қазақстан Республикасының резидент-сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы қайта сақтандыру коверноты мазмұнының қайта сақтандыру шартына және (немесе) қайта сақтандыру слипіне сәйкестігін салыстырып тексеруді қамтамасыз етеді.

Жасалған қайта сақтандыру шарты (қайта сақтандыру слипі) мен қайта сақтандыру коверноты талаптарының арасында қайшылықтар болған жағдайда, қайта сақтандыру шартының (қайта сақтандыру слипінің) талаптары қабылданады.

5. Қайта сақтандыру шартын жасауды растау ретінде қайта сақтанушыда (цедентте) қайта сақтандыру шартының (қайта сақтандыру слипінің және (немесе) қол қойылған парағының), қайта сақтандыру ковернотасының электрондық немесе сканерленген

көшірмелерінің болуына осы көшірмелерді қайта сақтандыру ұйымының немесе уәкілетті орган лицензиясының негізінде сақтандыру брокерінің қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын еншілес ұйымы бар Қазақстан Республикасының бейрезиденті сақтандыру брокерінің интернет-ресурсының домендік аты бар электрондық адрестен алған жағдайда рұқсат етіледі.

Тәуекелдерді сақтандыру брокерінің (сақтандыру брокерлерінің), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының (Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру брокерлері филиалдарының) делдалдығы арқылы қайта сақтандыруға берген кезде, қайта сақтандыру шартын (қайта сақтандыру слипін және (немесе) қол қою парағын) жасауды растау ретінде қайта сақтанушыда (цедентте) қайта сақтандыру шартының электрондық немесе сканерленген көшірмесінің және Exchange-Lloyd's немесе Placing Platform Limited сақтандыру нарығының қатысушылары арасында ақпаратпен (хабарламалармен) алмасудың ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі - ақпаратпен алмасу жүйелері) осы жүйелерде авторизацияланған Standard & Poor's рейтинг агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch, A.M. Best агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлерінен немесе олардың еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлерінен алынған электрондық үзінді-көшірменің болуына рұқсат етіледі. Бұл ретте қайта сақтандыру шартының (қайта сақтандыру слипінің) электрондық үзінді-көшірмесі және электрондық немесе сканерленген көшірмесі қайта сақтанушыға (цедентке) қайта сақтандыру ұйымының немесе ақпарат алмасу жүйелерінде авторизацияланған Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-"-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе Moody's Investors Service, Fitch, A.M. Best агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осындай деңгейдегі рейтингі бар халықаралық сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерінің немесе оның еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерлерінің интернет-ресурсының домендік аты бар электрондық мекенжайдан жіберіледі.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыруға берген кезде қайта сақтанушы (цедент) қайта сақтандыру шартында қайта сақтандырушы ұйым құжатпен растаған мына мәліметтердің болуын қамтамасыз етеді:

қайта сақтандырушының нетто-қайта сақтандыру сайлықақысының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;

қайта сақтандыру комиссиясының, сақтандыру брокерінің және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы комиссиясының мөлшері, оны төлеу тәртібі мен мерзімдері;

дауларды шешу кезіндегі елдің юрисдикциясы.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:



"11. Кейіннен ол бойынша тәуекел беру жүзеге асырылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты жарамсыз немесе күші жоқ деп танылған жағдайда, қайта сақтанушы (цедент) қайта сақтандыру сыйлықақысын, сақтандыру (қайта сақтандыру) брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының комиссиялық сыйақысын немесе осындай қайта сақтандыру шартты жасаумен байланысты төлемдерді немесе олардың бөліктерін қайтару бойынша барлық қажетті шараларды қабылдайды.";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Сақтандыру шартын жасау бойынша делдал қызметін жүзеге асыратын сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы тиісті лицензиялар негізінде сақтандыру пулы қатысушыларының ортақ істерін басқаруға және оны жүргізуге тартылады.

Қайта сақтандыру шартын жасау бойынша делдал қызметін жүзеге асыратын сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы тиісті лицензиялар негізінде қайта сақтандыру пулы қатысушыларының ортақ істерін басқаруға және оны жүргізуге тартылады.";

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Ортақ сақтандыру (бірлескен қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы), қайта сақтанушы осындай шартта көрсетілген кез келген сақтандырушыға (қайта сақтандырушыға) не сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылардың ортақ істерін басқаратын және жүргізетін сақтандыру брокеріне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалына сақтандыру төлемі туралы талабымен өтініш беруге құқылы.

17. Егер сақтандыру төлемі туралы талап бірлескен қызмет туралы шарттың талаптарына сәйкес зиянды реттеу бойынша міндет жүктелмеген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қойылған болса, онда бұл талап сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылардың ортақ істерін басқаратын және жүргізетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына не сақтандыру брокеріне, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалына берілуі тиіс."

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салуды белгілеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 258 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік

тіркеу тізілімінде № 17826 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдікті жағдайлар беруге тыйым салуды белгілеудің кейбір мәселелері туралы";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Заңның 15-1-бабы 2-1-тармағының бірінші бөлігі 5) тармақшасының мақсаттары үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ерекше қатынастар арқылы байланысты жеке немесе заңды тұлғаның мынадай байланыстылық белгілері белгіленсін:

1) бұрын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасы болып табылған тұлға.

Осы тармақшаның талабы тұлға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасы белгілерін жоғалтқаннан кейін қатарынан он екі ай ішінде қолданыста болады;

2) заңды тұлғаның лауазымды адамдары, басшы қызметкерлері және ірі қатысушылары, сондай-ақ қызметкерлері бірлесіп (тікелей немесе жанама) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акцияларының жиырма және одан да көп пайызын (артықшылықты акциялары шегеріле отырып) иеленетін осы заңды тұлға;

3) соңғы он екі ай ішіндегі жиынтық табысының 30 (отыз) пайызынан астамы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан және (немесе) онымен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалардан түскен түсімді құрайтын сақтандыру брокері;

4) онымен жасалған мәміленің немесе мәмілелер жиынтығының (соңғы он екі ай ішіндегі) сомасы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталының 50 (елу) пайызынан асатын тұлға.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары есепке алынбайды;

5) заңды тұлға және оның үлестес тұлғалары, егер олармен соңғы он екі ай ішінде жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) сыйлықақыларының сомасы соңғы он екі ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 20 (жиырма) және одан да жоғары пайызын құраса.

Осы тармақшаның талабы ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қолданылады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) сыйлықақыларының сомасын есептеу бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ескерумен соңғы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасау күніне жүзеге асырылады;

б) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру агенті немесе сақтандыру брокері, егер соңғы он екі ай ішінде көрсетілген тұлғалардың делдалдығымен жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша келіп түскен сақтандыру (қайта сақтандыру) сыйлықақыларының сомасы соңғы он екі ай ішінде күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 30 (отыз) және одан да жоғары пайызын құраса.

Осы тармақшаның талабы ерікті сақтандыру нысанындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қолданылады.

Сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемін есептеу бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ескерумен соңғы сақтандыру (қайта сақтандыру) шартын жасалған күні жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалымен байланысты тұлғаларды тану мақсаттары үшін:

осы тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы түсініледі;

осы тармақтың бірінші бөлігінің 1), 3), 5) және 6) тармақшаларында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы түсініледі;

осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының меншікті капиталы деп Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтері түсініледі."

19. Сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының сақтандыру ұйымдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның, сақтандыру омбудсманының, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында ақпарат орналастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 259 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17825 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор

қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру ұйымдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидаларында :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқор қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидалары.";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері

филиалының сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасының бейрезиденттер-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары, сақтандыру омбудсманы, дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйым (бұдан әрі – сақтандыру нарығының қатысушылары) мәжбүрлеп таратылған жағдайда, сақтандыру ұйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін белгілейді.";

Қосымшаға сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар интернет-ресурста орналастыратын ақпараттар тізбесі Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

20. Сақтандыру портфелін беру қағидаларын және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 262 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17885 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру портфелін беру қағидалары және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері (бұдан әрі – Қағидалар);

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтандыру портфелін беру қағидалары және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын лицензиядан айыру күнінен бастап сақтандыру портфелін беру ерекшеліктері.";

Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда 2-қосымшамен толықтырылсын.

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру портфелін беру қағидаларында және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату туралы соттың шешімі

занды күшіне енген күнінен бастап, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын консервациялау немесе лицензиядан айыру кезінде сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктерінде:

қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 қазандағы  
№ 262 қаулысына  
1-қосымша".

21. "Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 269 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17806 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілеу туралы";

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды бекіту туралы";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптарда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптар";

1-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптар";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Жекеше нотариустардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 11 маусымдағы, "Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 13 маусымдағы, "Тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі, "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 1 шілдедегі, "Туристі міндетті сақтандыру туралы" 2003 жылғы 31 желтоқсандағы (бұдан әрі – Туристі міндетті сақтандыру туралы заң), "Қызметі үшінші

тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" 2004 жылғы 7 шілдедегі, "Міндетті экологиялық сақтандыру туралы" 2005 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленді және сақтандыру полистерінің мазмұнына және ресімделу тәртібіне қойылатын талаптарды белгілейді.

Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғым қолданылады:

сақтандырушы - сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының филиалы."

22. "Сақтандыру брокерінің жарғылық және меншікті капиталының ең төмен мөлшеріне қойылатын талаптарды белгілеу, Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 29 қазандағы № 270 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17836 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру брокерінің жарғылық және меншікті капиталының ең төменгі мөлшеріне қойылатын талаптарды, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібі мен олардың ең төменгі мөлшерін белгілеу және Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) іс-әрекет етуші сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшері 2021 жылғы 1 шілдеден бастап осы қаулының 1-тармағының 1) тармақшасында белгіленген талаптарға сәйкес келеді, іс-әрекет етуші сақтандыру брокерінің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерін жыл сайын қайта қарау талап етілмейді:

сақтандыру брокерінің сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия бойынша – 20 000 (жиырма мың);

сақтандыру брокерінің қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензия бойынша – 100 000 (жүз мың);"

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалына қойылатын осы талаптың 1-тармағын қолдану мақсаттары үшін жарғылық және меншікті капитал деп резерв ретінде қабылданатын активтер түсініледі.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және сақтандыру брокерінің қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалардың сақтандыру брокерлеріне қатысты қолданылатын ережелері уәкілетті органның лицензиясы негізінде Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдарына қолданылады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Сақтандыру брокері сақтанушылардан, қайта сақтанушылардан (цеденттерден) сақтандыру сыйлықақыларын жинау және (немесе) сақтандырушылардан (қайта сақтандырушылардан) сақтандыру төлемдерін жинау бойынша операцияларды жүзеге асыру мақсатында, сақтандыру және (немесе) қайта сақтандыру шарттарын жасасу бойынша делдал қызметін жүзеге асыру шеңберінде сақтандыру брокерінің комиссиялық сыйақысы сомасын алу операциясын қоспағанда, ол арқылы өзге операциялар жүзеге асырылмайтын банк шотын (бұдан әрі – сақтандыру брокерінің банк шоты) пайдаланады.

Сақтандыру брокері, сақтандыру брокерінің банк шотындағы оның меншікті капиталының кем дегенде 40 (қырық) пайызы мөлшеріндегі ақшаны қоспағанда, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдарындағы ағымдағы шоттарда және депозиттерде ақша сомасының болуын қамтамасыз етеді."

23. "Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 50 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 142307 болып тіркелген, 2020 жылғы 30 сәуірде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларын, Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларын және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының



бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарды бекіту туралы";

1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу қағидаларында :

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Сақтандыру қызметі туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы және "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мағыналарда қолданылады.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін сондай-ақ мынадай ұғым пайдаланылады:

1) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы;

2) электрондық терминал – төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын не қолма-қол ақшаны қабылдау және (немесе) беру жөніндегі операцияларды жүзеге асыруға, сондай-ақ тиісті растайтын құжаттарды қалыптастыруға арналған электрондық-механикалық құрылғы.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру шартын жасасу туралы хабардар ету қағидаларында және хабарламаның мазмұнына қойылатын талаптарда:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасқан кезде сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы (бұдан әрі – сақтандырушы) және Сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқор (бұдан әрі – БСД) сақтанушыға (туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтандырылушыға) сақтандыру шартын жасасу туралы хабарлама жіберуді қамтамасыз етеді.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында

электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптарда:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының сақтандыру шарттарын жасасуды, сақтанушы мен сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасуды қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдары мен интернет-ресурстарына қойылатын талаптар";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) анти-бот - соны пайдалана отырып, интернет-ресурсқа кіріп отырған бот емес, адам екенін растауды сұрайтын тест немесе бағдарламалық қамтамасыз ету;

2) бот - сақтандырушының ақпараттық жүйесінде берілген кесте және (немесе) алгоритм бойынша белгілі бір операцияларды автоматты түрде орындау үшін үшінші тұлғалар пайдаланатын бағдарламалық қамтамасыз ету;

3) сақтандырушы – уәкілетті органның тиісті лицензиясы негізінде сақтандыру шарттарын жасау және орындау қызметін жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент- сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы;

4) DDoS-шабуыл - ақпараттық жүйе жұмысының штаттық режимін бұзу мақсатында үшінші тұлғалардың тарапынан "қызмет көрсетуден бас тарту" түрінде таратылған шабуыл немесе еркін қолжетімділік ұсынылатын ақпараттық ресурстарға қолжетімділік жабық болатын не қиындық тудыратын жағдайлар жасау."

24. "Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу қағидалары мен ерекшеліктерін, сондай-ақ Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру ұйымының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді сақтандыру ұйымы болып табылмайтын инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 59 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20736 болып тіркелген, 2020 жылғы 2 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу қағидалары мен ерекшеліктерін, Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптарды, Сақтандыру ұйымының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді сақтандыру ұйымы болып табылмайтын инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын жасау қағидалары мен ерекшеліктерін, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу қағидалары мен ерекшеліктері;

2) осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес Сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартының мазмұнына қойылатын талаптар;

3) осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес Сақтандыру ұйымының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді сақтандыру ұйымы болып табылмайтын инвестициялық портфельді басқарушыға инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидалары;

4) осы қаулыға 4-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын жасау қағидалары мен ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы

қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидалары бекітілсін.";

Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакциядағы 4-қосымшамен толықтырылсын.

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
сақтандыру қызметін реттеу  
мәселелері бойынша  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
1-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
сақтандыру қызметін реттеу  
мәселелері бойынша  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
2-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
сақтандыру қызметін реттеу  
мәселелері бойынша нормативтік  
құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
3-қосымша

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
сақтандыру қызметін реттеу  
мәселелері бойынша  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
4-қосымша

Көлік құралына келтірілген  
зиянның мөлшерін айқындау

Нысан

Кіріс тіркеу нөмірі

№ \_\_\_\_\_

Басқарма Төрағасына

(Қазақстан Республикасы

бейрезидент-сақтандыру ұйымы

филиалының басшысына)

\_\_\_\_\_

(сақтандырушының тегі, аты,  
әкесінің аты (бар болса)

\_\_\_\_\_

және атауы)

\_\_\_\_\_ -дан

(заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің  
аты (бар болса),

\_\_\_\_\_

тұрғылықты жері не атауы,

\_\_\_\_\_

орналасқан орны, байланыс  
деректері),

мынадай болып табылатын:

сақтанушы

сақтандырылушы

зардап шегуші

пайда алушы

өкіл

(өтініш берушінің мәртебесі бір  
ұяшықта

немесе өкілі өтініш берген кезде  
екі

ұяшықта көрсетіледі)

Келіп түскен күні

\_\_\_\_\_  
(жылы, күні, айы)

Мүлікке келтірілген зиянның мөлшерін айқындау туралы өтініш

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ тиесілі

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_ басқаратын,  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ көлік құралы және  
(көлік құралының маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі)

\_\_\_\_\_ тиесілі  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) не заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_ басқаратын,  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_ көлік құралы арасында болған  
(көлік құралының маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі)

\_\_\_\_\_ ,  
(жол-көлік оқиғасының болған күн, қала, орны)

жол-көлік оқиғасына байланысты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ мүлікке  
(көлік құралының маркасы және мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі)

келтірілген зиянның мөлшерін есептеуді ұйымдастыруды сұраймын.

Зақымданған көлік құралын қарап-тексеруді:

\_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ минутта

\_\_\_\_\_ мекенжайында жүргізуді сұраймын,

(көлік құралының орналасқан жері)

өтініш берушінің байланыс деректері \_\_\_\_\_.

(телефон)

Зақымданған көлік құралын қарап-тексеру өтініш беруші осы

өтінішті берген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады).

\_\_\_\_\_

(өтініш берушінің қолы)

\_\_\_\_\_

(толтырылған күні)

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін  
Қазақстан Республикасының  
сақтандыру қызметін реттеу  
мәселелері бойынша  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
5-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 27 сәуірдегі  
№ 75 қаулысына  
1-қосымша

## **Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары**

1. Осы Ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) әзірленді және қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және (немесе) оның акционерлерінің, сақтандыру холдингінің және (немесе) оның ірі қатысушыларының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық орнықтылығын арттыру, оның қаржылық жағдайының нашарлауына және сақтандыру қызметіне (сақтандыру тобының қызметіне) байланысты тәуекелдердің өсуін болдырмау бойынша ерте ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) мақұлдау тәртібін айқындайды.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметіне тигізетін жағымсыз әсері;

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторды жақсарту, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметі үшін қауіп төндірмейтін (қосымша тәуекелдер) деңгейге дейін жеткізу шаралары;

әрбір тармағы бойынша іс-шаралар жоспарының орындалу мерзімдері;

іс-шаралар жоспарын орындауға жауапты басшы қызметкерлер тізбесі (іс-шаралар жоспарының әрбір тармағы бойынша орындауға жауапты басшы қызметкерлерді көрсете отырып).

Егер іс-шараларда ақша алу көзделсе, олардың болжамды мөлшері және алынатын көздері көрсетіледі.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған іс-шаралар жоспарын қарайды.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қарауға ұсынған іс-шаралар жоспарымен келіспеген жағдайда, уәкілетті орган ол бойынша жазбаша ескертулер жібереді не іс-шаралар жоспарын пысықтау мақсатында оны сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен және (немесе) оның акционерлерімен, сақтандыру холдингімен және (немесе) оның ірі қатысушыларымен, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалымен және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен бірлесіп талқылайды. Бұл ретте сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органның ескертулерін жою үшін іс-шаралар жоспарын түзетеді немесе ондай ескертулермен келіспеген жағдайда өздерінің негіздемелерін береді.

Уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және (немесе) оның Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған іс-шаралар жоспарын жазбаша нысанда мақұлдайды немесе мақұлдаусыз қалдырады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының (сақтандыру тобының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторларды өздігінен анықтаған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы және (немесе) оның акционерлері, сақтандыру холдингі және (немесе) оның ірі қатысушылары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және (немесе) оның



Қазақстан Республикасының бейрезидент-бас сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы көрсетілген факторлар анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға Қағидалардың 2-тармағының екінші бөлігінде көзделген іс-шаралар жоспарын ұсынады.

4. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлар анықталған жағдайда, оларға қатысты жазбаша келісім нысанында қаржылық жай-күйін жақсарту және (немесе) тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қолданылып отырған (қайта сақтандыру) ұйымдары бойынша іс-шаралар жоспарын немесе пруденциялық нормативтерді және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді, сақтандырудың барлық сыныптары бойынша лицензияның қолданысын тоқтата тұру, консервациялау, акцияларын мәжбүрлеп сатып алу түріндегі санкцияларды бұзумен байланысты қолданылған жазбаша ұйғарым шеңберінде ұсынылған, сондай-ақ уәкілетті органға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті түрде қайта ұйымдастыруды не таратуды жүргізуге рұқсат алуға өтінішхат берілген жағдайда іс-шаралар жоспарын ұсыну талап етілмейді.

5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қаржылық жағдайының нашарлауына әсер ететін факторлар анықталған жағдайда, оларға қатысты жазбаша келісім нысанында қаржылық жай-күйін жақсарту және (немесе) тәуекелдерді азайту бойынша шаралар қолданылып отырған Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары бойынша іс-шаралар жоспарын немесе пруденциялық нормативтерді және басқа да сақталуға міндетті нормалар мен лимиттерді, сақтандырудың барлық сыныптары бойынша лицензияның қолданысын тоқтата тұру түріндегі санкцияларды бұзумен байланысты қолданылған жазбаша ұйғарым шеңберінде ұсынылған, сондай-ақ уәкілетті органға Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға не мәжбүрлеп тоқтатуға рұқсат алуға өтінішхат берілген жағдайда іс-шаралар жоспарын ұсыну талап етілмейді.

6. Осы Қағидалардың талаптары уәкілетті орган сақтандыру қызметін және (немесе) қайта сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия берген күннен бастап алты ай ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына қолданылмайды.

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін

Қазақстан Республикасының  
сақтандыру қызметін реттеу  
мәселелері бойынша  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
6-қосымша

Сақтандыру ұйымдары,

Қазақстан Республикасы  
 бейрезидент-сақтандыру (қайта  
 сақтандыру) ұйымдарының  
 филиалдары, сақтандыру  
 омбудсманы, дереккорды  
 қалыптастыру және жүргізу  
 жөніндегі ұйымы мәжбүрлеп  
 таратылған жағдайда,  
 сақтандыру ұйымның,  
 сақтандыру брокерінің,  
 Қазақстан Республикасының  
 бейрезидент-сақтандыру (қайта  
 сақтандыру) ұйымы  
 филиалының, Қазақстан  
 Республикасының бейрезидент-  
 сақтандыру брокері  
 филиалының, сақтанушыларға  
 (сақтандырылушыларға, пайда  
 алушыларға) сақтандыру  
 төлемдерін жүзеге асыруға  
 кепілдік беретін ұйымның  
 интернет-ресурсында ақпарат  
 орналастыру қағидаларына  
 қосымша

**Сақтандыру нарығының қатысушылары интернет-ресурста орналастыратын ақпараттың тізбесі**

№	Ақпарат атауы	Ақпарат орналастыру ( жаңарту) кезеңділігі	Ақпарат орналастыру мерзімі	Ақпарат мазмұны
Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының интернет-ресурсында орналастырылатын ақпарат				
1.	Осы ұйымның, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеуді талап ететін құрылтай құжаттарына енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар	Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының олардың филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің (болған кезде) толық атауы, мекенжайы ( орналасқан жері), қаланың (облыстың, ауданның) кодтарын көрсете отырып, байланыс телефондарының,

			тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	факстарының нөмірлері (болған кезде), жұмыс режимі
2.	Акционерлер туралы мәліметтер	Акционерлер құрамының өзгеруіне қарай	Бағалы қағаздарды ұстаушының жеке шотынан үзінді-көшірме алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне сәйкес акционерлер туралы мәліметтер: жеке тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының ( орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде ); заңды тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының ( орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері
3.	Басшы қызметкерлер туралы мәліметтер	Басшы қызметкерлер құрамының өзгеруіне қарай	Олар басқа қызметке тағайындалған ( сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде	Басшы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған кезде), атқаратын лауазымы және басқа қызметке тағайындалған ( сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күні
				Сақтандыру ұйымын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтан

4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	дыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы және (немесе) сақтандыру ұйымының филиалын және (немесе) өкілдігін (болған кезде) есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар (*pdf форматтағы құжаттар)
5.	Лицензияның нөмірі, берілген күні туралы мәліметтер	Лицензияны алуға (қайта ресімдеуге) қарай	Лицензия берілген (қайта ресімделген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы (*pdf форматтағы құжат)
6.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру өнімдерінің және Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес сақтандыру ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы жүзеге асыратын қызметтің рұқсат етілген қосымша түрлерінің тізбесі
	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы		Есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей, бірмезгілде Қазақстан	Аудиторлық ұйым растаған, жылдық қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының

7.	есептік 3 (үш) жылға жылдық қаржылық есептілік	Жыл сайын	Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
8.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (болған кезде)	Жыл сайын	Есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей, бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	Еншілес ұйым (ұйымдар) болған кезде аудиторлық ұйым растаған, жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
9.	Алдыңғы есептік 3 (үш) жылдағы қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей, бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	Сақтандыру ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының			Қауымдастық (одақ) нысанында

10.	бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні
11.	Сақтандыру ұйымына рейтингтік агенттіктер берген рейтингтер (берген жағдайда)	Рейтингтің берілуіне, жаңартылуына қарай	Рейтингтік агенттік рейтинг беру туралы рейтингтік агенттіктің сайтында жариялаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Рейтингтік агенттіктердің толық атауы, берілген рейтингтер және рейтинг берілген күні не рейтингтік агенттік мониторингінің қорытындысы бойынша рейтингті қайта қарау күні
12.	Құрылған сақтандыру (қайта сақтандыру) пулдары туралы мәліметтер (сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметінде жетекші болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы үшін)	Сақтандыру пулының құрылуына, өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне қарай	Сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының бірлескен қызметі туралы шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Мыналар: сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылардың бірлескен қызметі туралы шарттың нөмірі және жасалған күні, қолданыс мерзімі; сақтандыру (қайта сақтандыру) пулына қатысушылардың толық атауы; сақтандыру (қайта сақтандыру) пулының қызметінде жетекші болып табылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының толық атауы; сақтандыру сыныптарын (түрлерін) және сақтандыру (қайта

				сақтандыру) пулы қызметінің мәні болып табылатын сақтандыру тәуекелдерінің тізбесі қамтылған мәліметтер
13.	Олар бойынша олардың алдыңғы редакцияларын, енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды көру мүмкіндігімен сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу мүмкіндігі көзделетін, ерікті нысандағы сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру қағидалары	Жанартылуына қарай	Бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Нөмірін және бекіту күнін көрсете отырып, сақтандыру ұйымының директорлар кеңесі және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тиісті органы бекіткен белгілі бір сақтандыру түрі бойынша сақтандыру қағидалары және олардың алдыңғы редакциялары (*.pdf форматтағы құжаттар)
14.	Сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру тарифтерінің сақтандыру сыйлықақыларының	(Әзірленуіне жаңартылуына) қарай	(Қаржы өнімін бекіткен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде	Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4204 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздағы № 85 қаулысымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары

	, жарналарының) мөлшері туралы ақпарат			филиалдарының сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша сақтандыру тарифтерін бағалау әдістері мен есептеу қағидаттарына қойылатын талаптар туралы нұсқаулыққа сәйкес сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру тарифтерінің (сақтандыру сыйлықақыларының), жарналарының) мөлшері туралы ақпарат
Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының интернет-ресурсында орналастырылатын ақпарат				
1.	Осы ұйымның, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеу талап етілетін құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының, сақтандыру брокері филиалдары мен өкілдіктерінің (болған кезде) толық атауы, орналасқан жері, қаланың (облыстың, ауданның) кодын көрсете отырып байланыс телефондарының факстарының (болған кезде) нөмірлері
			Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотынан үзінді-көшірме немесе серіктестікке	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне не жарғысына немесе серіктестікке қатысушылардың тізіліміне сәйкес акционер (қатысушылар) туралы мәліметтер: жеке тұлға үшін –



2.	Акционерлер қатысушылар) туралы мәліметтер	(Акционерлер қатысушылар) құрамының өзгеруіне қарай	қатысушылардың тізілімімен үзінді-көшірме алған күннен бастап не заңды тұлға мемлекеттік тіркелген және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеу талап етілетін құрылтай құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының ( орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде );заңды тұлға үшін – оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздарының ( орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері
3.	Б а с ш ы қызметкерлер туралы мәліметтер	Б а с ш ы қызметкерлер құрамының өзгеруіне қарай	Олар басқа қызметке тағайындалған ( сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде	Б а с ш ы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған кезде), атқаратын лауазымы және басқа қызметке тағайындалған ( сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күні
4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру брокерін, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалын мемлекеттік тіркеу ( қайта тіркеу) туралы және ( немесе) сақтандыру брокерінің филиалын және ( немесе) өкілдігін ( болған кезде) есептік тіркеу ( қайта тіркеу)

				туралы анықтамалар (*pdf форматтағы құжаттар)
5.	Лицензияның нөмірі, берілген күні туралы мәліметтер	Лицензия алуға (қайта ресімдеуге) қарай	Лицензия берілген (қайта ресімделген) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қаржы нарығын мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы (*pdf форматтағы құжат)
6.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жанартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Брокерлік қызметтің түрлері: өз атынан және сақтанушының тапсырмасы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет; өз атынан және қайта сақтанушының (цеденттің) тапсырмасы бойынша қайта сақтандыру шарттарын жасасу жөніндегі делдалдық қызмет; сақтандыру брокері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің филиалы Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асыратын рұқсат етілген қызметтің қосымша түрлері
			Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сонымен бірізгіде	Аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп,

7.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық қаржылық есептілік	Жыл сайын	Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
8.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (болған кезде)		Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сонымен бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	Еншілес ұйым (ұйымдар) болған кезде аудиторлық ұйым растаған жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (* pdf форматтағы құжаттар)
9.	Алдыңғы есептік 3 (үш) жылдағы қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сонымен бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының және сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының			Қауымдастық (одақ) нысанында

10.	бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні
11.	Шарттың нөмірі мен жасалған күнін, сақтандырушының атауын, сақтандыру объектісін және шартты жасасу нысанасы болып табылатын тәуекелдер тізбесін, оның қолданылу кезеңін және шарт бойынша сақтандыру сомасын қоса алғанда, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандырудың қолданыстағы шарты туралы мәліметтер	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуге қарай	Шартқа қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының үшінші тұлғалар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының нөмірі және жасалған күні; сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының толық атауы; сақтандыру объектісі және тәуекелдер тізбесі; сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарын жасауға байланысты тәуекелдерге қатысты сақтандыру сомасы; сақтандыру шартының қолданылу мерзімі қамтылған мәліметтер
Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға,				

пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның интернет-ресурска орналастыратын ақпараты

1.	Толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жанартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның толық атауы, мекенжайы (орналасқан жері), қаланың (облыстың, ауданның) кодтарын көрсете отырып, байланыс телефондарының, факстарының нөмірлері (болған кезде), жұмыс режимі
2.	Акционерлер туралы мәліметтер	Акционерлер құрамының өзгеруіне қарай	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың жеке шотынан үзінді-көшірмені алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне сәйкес акционерлер туралы мәліметтер (оған тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) бағалы қағаздар санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып заңды тұлғаның толық атауы және тұрған жері)

3.	Б а с ш ы қызметкерлер туралы мәліметтер	Б а с ш ы қызметкерлер құрамының өзгеруіне қарай	Олар басқа қызметке тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде	Б а с ш ы қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атқаратын лауазымы және басқа қызметке тағайындалған (сайланған, тиісті функциялар берілген) немесе ауыстырылған күні
4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын мәжбүрлеп таратқан жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (* pdf форматтағы құжат)
5.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кепілдік берілген сақтандыру түрлерінің және (немесе) Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын

				қызметтің өзге түрлерінің тізбесі
6.	Аудиторлық ұйым растаған, алдыңғы есептік 3 (үш) жылға жылдық қаржылық есептілік	Жыл сайын	Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сонымен бірмезгілде Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	Аудиторлық ұйым растаған жылдық қаржылық есептілік (бухгалтерлік баланс, пайда және зиян туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, капиталға өзгерістер туралы есеп және түсіндірме жазба) (*pdf форматтағы құжаттар)
7.	Алдыңғы есептік 3 (үш) жылдағы қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сонымен бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында жариялай отырып	Сақтандыру ұйымдарын, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдарын мәжбүрлеп таратқан жағдайда сақтанушыларға (сақтандырылушыларға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйымның қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің ,			

8.	Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасын бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Бірлестікке кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кіру күні
9.	Қатысушы - сақтандыру ұйымдары туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шартына қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Мыналар: Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шартының негізінде сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушылары болып табылатын сақтандыру ұйымдарының толық атауы; Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қорына қатысу шартын жасасу күні және нөмірі қамтылған мәліметтер
Сақтандыру омбудсманының интернет-ресурсында орналастырылатын ақпарат				
1.	Сақтандыру омбудсманы офисінің, оның ішінде оның филиалдары мен өкілдіктерінің толық атауы, мекенжайы (тұрған жері), телефон	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) және (немесе) филиал және (немесе) өкілдік есептік тіркелген, қайта тіркеуді талап ететін құрылтай құжаттарға өзгерістер және (немесе)	Сақтандыру омбудсманының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), тұрған жері, қаланың (облыстың, ауданның) кодтарын көрсете отырып, байланыс телефондарының, факстарының нөмірлері (болған кезде), сақтандыру омбудсманы



	нөмірлері, жұмыс режимі		толықтырулар тіркелген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	офисінің, оның филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің (болған кезде) жұмыс режимі
2.	Сақтандыру омбудсманын сайлау туралы мәліметтер	Сайлануына (қайта сайлануына, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуына) қарай	Сайланған (қайта сайланған, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатқан) күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру омбудсманының өкілдері кеңесінің сақтандыру омбудсманын сайлау (қайта сайлау, өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату) туралы шешім қабылдау күні және сақтандыру омбудсманы өкілеттігінің мерзімі
3.	Сақтандыру омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін сақтандыру ұйымдарының тізбесі	Өкілдер кеңесі құрамының өзгеруіне қарай	Өкілдер кеңесінің құрамы құрылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру омбудсманының өкілдер кеңесінің құрамына кіретін сақтандыру ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының толық атауы
4.		Жаңартылуына қарай		Міндетті және ерікті сақтандыру мәселелері бойынша сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары арасында; сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар) және сақтандыру

	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер		Сайланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	шарттары бойынша сақтандыру ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары арасында туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі қызмет туралы мәліметтер
5.	Сақтандыру омбудсманының қызметін, оның ішінде дауларды шешу жөніндегі өтініштерді қарау және шешімдер қабылдау тәртібі мен мерзімдерін регламенттейтін ішкі қағидалар, сондай-ақ сақтандыру нарығының қатысушыларымен жасалған меморандумдар	Жаңартылуына қарай	Бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Сақтандыру омбудсманының қызметін регламенттейтін ішкі қағидалар және сақтандыру нарығының қатысушыларымен жасалған меморандумдар (* pdf форматтағы құжаттар)
6.	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, сақтандыру брокерлерінің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасын бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Бірлестік (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан

	бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)			жері және оған кірген күні
7.	Алдыңғы есептік 3 (үш) жылдағы қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	Есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей, сонымен бірмезгілде мерзімді б а с п а басылымдарында жариялай отырып	Сақтандыру омбудсманының қызметін және оның аяқталған қаржы жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналасатын ақпарат				
1.	Толық атауы, мекенжайы, (тұрған жері), телефон нөмірлері, жұмыс режимі	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның толық атауы, орналасқан жері, қаланың кодын көрсете отырып, телефондарының, факстерінің байланыс нөмірлері (болған кезде), жұмыс режимі
2.	Акционерлер қатысушылар) туралы мәліметтер	Акционерлер қатысушылар) құрамының өзгеруіне қарай	( Акті шығарылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізіліміне сәйкес акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер (заңды тұлғаға тиесілі бағалы қағаздар санының эмитенттің бағалы қағаздар (орналастырылған және (немесе) дауыс беретін) санына пайызбен арақатынасын көрсете отырып, заңды тұлғаның толық атауы мен орналасқан жері)
				Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), атқаратын

3.	Басшылар туралы мәліметтер	Басшылар құрамының өзгеруіне қарай	Тағайындалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	лауазымының атауы, директорлар кеңесінің басшы лауазымына тағайындау туралы шешім шығарған күні және оның нөмірі
4.	Мемлекеттік тіркеу нөмірі және бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Заңды тұлға мемлекеттік тіркелген (қайта тіркелген) күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама (* pdf форматтағы құжат)
5.	Жүзеге асырылатын қызмет түрлері туралы мәліметтер	Жаңартылуына қарай	Қызметті жүзеге асырған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Мыналар: Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының және сақтандырудың міндетті түрлерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінің негізінде міндетті және ерікті сақтандыру түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі қызмет; Сақтандыру агенттерінің бірыңғай тізілімін жүргізу жөніндегі қызмет; Сақтандыру шарттарын электрондық нысанда жасау үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі қамтылған мәліметтер
			Бірмезгілде мерзімді баспа басылымдарында	Дерекқорды қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның қызметін және оның аяқталған қаржы

6.	Алдыңғы есептік үш жылдағы қызмет қорытындылары туралы есептер (болған кезде)	Жыл сайын	жариялай отырып, есепті жылдан кейінгі жылғы 31 тамыздан кешіктірмей	жылының қорытындылары бойынша маңызды оқиғаларын сипаттайтын негізгі көрсеткіштерге талдау қамтылатын есеп (*pdf форматтағы құжат)
7.	Қауымдастықтарға (одақтарға), оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасын бейрезидент-сақтандыру брокерлері филиалдарының бірлестігіне қатысу туралы мәліметтер (болған кезде)	Кіруіне қарай	Кірген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде	Қауымдастық (одақ) нысанында құрылған бірлестіктің толық атауы, орналасқан жері және оған кірген күні

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне  
7-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы 29 қазандағы  
№ 262 қаулысына  
2-қосымша

## **Сақтандыру портфелін беру қағидалары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы лицензиядан айырылған күннен бастап сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері**

### **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Сақтандыру портфелін беру қағидалары және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы лицензиядан айырылған күннен бастап сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері (бұдан әрі –

Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалдарының (бұдан әрі – филиал) сақтандыру портфелін беру тәртібін және филиал лицензиядан айырылған күннен бастап сақтандыру портфелін беру ерекшеліктерін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әлеуетті сақтандырушы-алушы – сақтандыру портфелін қабылдауға мүдделілік танытқан сақтандыру ұйымы (филиал);

2) кепілдік беру жөніндегі ұйым – сақтандыру ұйымдарын, филиалдарды мәжбүрлеп таратылған жағдайда сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне енгізілген сақтандырудың кепілдік берілген түрлері бойынша сақтанушыларға (сақтандырылғандарға, пайда алушыларға) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруға кепілдік беретін ұйым;

3) сақтандыру портфелін беру – филиал, филиалдың тарату комиссиясы филиал өзі жасасқан сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша филиалдың міндеттемелерінен тұратын сақтандыру портфелін берілетін сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша лицензиясы бар және сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына (филиалға) беруі;

4) сақтандырушы-алушы – сақтандыру портфелін қабылдайтын сақтандыру ұйымы (филиал);

5) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;

6) филиалдың тарату комиссиясы – филиал уәкілетті органның филиалдың қызметін ерікті түрде тоқтатуына рұқсат алғаннан кейін тағайындалатын орган (филиалдың мүлкі мен істерін басқару бойынша өкілеттігі бар) және (немесе) филиалдың сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айырылғаннан кейін тағайындалатын орган (филиалдың қызметін мәжбүрлеп тоқтату рәсімін жүзеге асыратын).

3. Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беруді Заңның 72-1-бабының 1-тармағында көзделген негіздер бойынша филиал қызметі тоқтатылған жағдайларда жүзеге асырылады.

4. Мыналар сақтандыру портфелін беру үшін негіздер болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті тұлғасының (уәкілетті тұлғаларының) филиал қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешімі;

2) уәкілетті органның сақтандырудың жекелеген сыныптары бойынша филиалды лицензиядан айыру туралы шешімі;

3) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің қаржылық қадағалау органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына арналған лицензиядан айыру туралы шешімі;

4) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын мәжбүрлеп тарату (қызметін тоқтату);

5) филиалды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі.

Сақтандырудың барлық сыныптары (түрлері) бойынша жасалған барлық сақтандыру шарттары, оның ішінде қолданыс мерзімі өткен, филиал сақтанушылар (сақтандырылғандар, пайда алушылар) алдында міндеттемелер атқаратын не міндеттемелер туындау ықтималдығы бар сақтандыру шарттары берілуге тиіс.

5. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, тарату комиссиясының сақтандыру портфелін беру туралы шешімі Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері жеткілікті болған жағдайда қабылданады.

Сақтандыру портфелін беру үшін активтердің жеткіліктілігі қабылданған міндеттемелерге сәйкес қалыптастырылған сақтандыру резервтерінің мөлшерлеріне қарай айқындалады.

6. Филиал кредиторларының талаптарын қанағаттандыру үшін қызметі мәжбүрлеп тоқтатылатын филиалдың тарату комиссиясы филиалдың активтерін, оның ішінде резерв ретінде қабылданған активтерін және филиал қызметін жүзеге асыру үшін ашылған банктік шоттардағы ақшаны пайдалануға құқылы.

Филиалдың активтері, оның ішінде резерв ретінде қабылданған активтері жеткіліксіз болған кезде Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиал кредиторларының талаптарын уәкілетті органға бұрын ұсынылған жазбаша міндеттемелерге сәйкес Заңның 30-1-бабы 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес қанағаттандырады.

7. Сақтандыру портфелін беру туралы шешім еркін нысанда жазбаша түрде ресімделеді, филиалдың уәкілетті тұлғасы (уәкілетті тұлғалары), тарату комиссиясы бөлімшелерінің төрағасы мен басшылары қол қояды.

8. Филиал қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде филиал қабылданған шешім туралы уәкілетті органды хабардар етеді, хабарламаға мыналар қоса беріледі:

сақтандыру портфелі берілетін сақтандыру сыныптарының тізбесі;

сақтандыру сыныптары (түрлері) бойынша бөлінген сақтандыру шарттары бойынша берілуі болжанатын міндеттемелердің мөлшері;

олардың баланста көрсетілген құнын не бағалау құнын (бар болса) көрсете отырып сақтандыру портфелінің құрамында беру болжанатын активтер тізбесі;

орындалу мерзімдерін көрсете отырып сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар тізбесі;

сақтандыру портфелін беру туралы шарттың жобасы.

9. Филиал, тарату комиссиясы сақтандырушыларды (пайда алушыларды) хабардар ету мақсатында Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қазақ және орыс тілдерінде таратылатын екі мерзімді баспасөз басылымында және филиалдың интернет-ресурсында алдағы уақытта сақтандыру портфелінің берілетіні туралы хабарландыруды филиал қызметін ерікті түрде тоқтату жөнінде шешім қабылданғаны туралы уәкілетті органды хабардар еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жариялайды.

Филиал сақтандыру портфелін берген жағдайда хабарландыруда қарсылық беру тәртібі, мерзімі және олар келіспеген жағдайда олар бойынша сақтандыру шартын беруге байланысты сақтанушылардың қарсылықтары қабылданатын мекенжайлар көрсетіледі.

10. Уәкілетті органның жазбаша сұратуы бойынша филиал, тарату комиссиясы түсіндірмелер және сақтандыру портфелін беруге байланысты растайтын құжаттар береді.

## **2-тарау. Сақтандырушы-алушыны таңдау**

11. Сақтандырушы-алушыны таңдау мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырылады:

1) уәкілетті органның сақтандыру портфеліне енгізілетін сақтандыру шарттары берілетін сақтандыру сыныптарын жүзеге асыруға лицензиясының (лицензияларының) болуы;

2) пруденциялық нормативтерді және өзге де сақталуы міндетті нормалар мен лимиттерді соңғы есепті күнде және алдағы болатын сақтандыру портфелін қабылдауды ескере отырып 2 (екі) кейінгі жылда пруденциялық нормативтердің болжамды мәндерін орындау;

3) филиалдың сақтандыру портфелін қабылдау ниеті туралы өтінішті (бұдан әрі – өтініш) беру сәтінде уәкілетті орган қолданған, қолданыстағы қадағалап ден қою шараларының және (немесе) санкциялардың болмауы;

4) сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу.

12. Филиалдың, тарату комиссиясының сақтандыру портфелін қабылдау туралы ұсыныс-хатты филиал, әлеуетті сақтандырушы-алушыға оны қарау және ұсыныс-хатты алған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жауап ұсыну мерзімімен жібереді.



Ұсыныс-хатта берілетін сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің және филиалдың резерв ретінде қабылданған активтерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің болжамды көлемі көрсетіледі.

Ұсыныс-хатқа еркін нысанда жазылған конфиденциалдылықты сақтау және сақтандыру портфелін қабылдау мүмкіндігін қарастыруға байланысты алынған ақпаратты жария етпеу туралы келісім (міндеттеме) қоса беріледі.

13. Сақтандырушылар-алушылар сақтандыру портфелін қабылдау туралы ұсыныс-хат алған жағдайда конфиденциалдылықты сақтау және сақтандыру портфелін қабылдау мүмкіндігін қарастыруға байланысты алынған ақпаратты жария етпеу туралы келісімге (міндеттемеге) қол қояды және оны Қағидалардың 12-тармағының бірінші бөлігінде көрсетілген мерзімде филиалға, тарату комиссиясына жібереді.

14. Филиал, тарату комиссиясы ұсыныс-хат алған сақтандырушы-алушының сұратуы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген заңмен қорғалатын құпиядан тұратын мәліметтерді жария етпеу туралы талаптарды сақтай отырып, сұратуды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қосымша ақпарат береді.

15. Қағидалардың 12-тармағының бірінші бөлігінде көзделген мерзім ішінде ұсыныс-хатты алған әлеуетті сақтандырушылар-алушылар филиалға, тарату комиссиясына жауап ұсынады. Ұсыныс-хатта көрсетілген талаптар қабылданған жағдайда сақтандырушы-алушы Қағидалардың 11-тармағында көзделген ақпаратты көрсете отырып және мынадай құжаттарды:

1) сақтандыру портфелін қабылдау туралы әлеуетті сақтандырушы-алушының уәкілетті тұлғасы шешімінің көшірмелерін;

2) өтініштерде сақтандыру талаптары көрсетілмеген жағдайда, сақтандыру портфелінің құрамында көрсетілуге тиіс сақтандыру сыныбы (сыныптары) бойынша сақтандыру қағидаларының көшірмелерін;

3) пруденциялық нормативтердің, оның ішінде төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативінің және алда болатын сақтандыру портфелін қабылдауды ескере отырып қатарынан 2 (екі) жылға жоғары өтімді активтердің жеткіліктілігі нормативінің орындалу болжамы (бұдан әрі – пруденциялық нормативтердің болжамдық мәндері) қоса бере отырып, еркін нысанда жасалған өтінішті жібереді.

16. Өтініш жіберген және Қағидалардың 11-тармағының талаптарына сәйкес келетін екі және одан да көп әлеуетті сақтандырушылар-алушылар болған жағдайда филиал, тарату комиссиясы пруденциялық нормативтердің ең жақсы болжамдық көрсеткіштеріне ие сақтандырушы-алушыны таңдап алады.

Пруденциялық нормативтердің бірдей болжамдық көрсеткіштерін ұсынған екі және одан да көп әлеуетті сақтандырушы-алушылар болған жағдайда, филиал, тарату

комиссиясы соңғы есептік күнге активтердің неғұрлым үлкен мөлшеріне ие әлеуетті сақтандырушы-алушыны таңдап алады.

17. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының (филиалдардың) бірде-біреуі Қағидалардың 11-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда не "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының (филиалдардың) бірде-біреуі мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының (филиалдың) сақтандыру портфелін қабылдауға ниетті екенін білдірмеген болса, сақтандыру портфелін беруді мемлекеттің қатысуымен "өмірді сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы (филиал) жүзеге асырады.

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының (филиалдардың) бірде-біреуі Қағидалардың 11-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда не "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымдарының (филиалдардың) бірде-біреуі филиалдың сақтандыру портфелін қабылдауға ниетті екенін білдірмеген болса, филиал, тарату комиссиясы сақтандырушы-алушының жоқ екені туралы уәкілетті органды хабардар етеді.

Сақтандыру портфелін ерікті түрде беру жағдайларын қоспағанда, мұндай жағдайда сақтандыру портфелін беруді уәкілетті органның шешімі бойынша сақтандырушы-алушылардың соңғы есептік күндегі активтері мөлшерінің шамасына және пруденциялық нормативтерді орындауына қарай "жалпы сақтандыру" саласы бойынша қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымы жүзеге асырады.

18. Филиалдың, тарату комиссиясының сақтандыру портфелі берілетін сақтандырушы-алушыны таңдау туралы шешімі 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға жазбаша түрде жіберіледі.

Филиал уәкілетті органды хабардар еткен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында қазақ және орыс тілдерінде таратылатын екі мерзімді баспасөз басылымында және филиалдың интернет-ресурсында сақтандыру портфелі берілетін сақтандырушы-алушыны таңдау туралы хабарландыру жариялайды.

### **3-тарау. Сақтандыру портфелін беру тәртібі және Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы лицензиядан айырылған күннен бастап сақтандыру портфелін берудің ерекшеліктері**

19. Филиал, тарату комиссиясы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілетін сақтандыру портфелінің құрамына енгізілетін сақтандыру шарттарының тізімін (бұдан әрі – Шарттар тізімі) жасайды.

20. Шарттар тізімі тізбесі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6164 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 25 қаулысымен бекітілген Сақтандыру ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыруына қойылатын талаптардың, оның ішінде сақтандыру нарығының қатысушыларымен өзара қарым-қатынастары жөніндегі талаптардың және сақтандыру агентінің сақтандыру нарығында делдалдық қызметті жүзеге асыруына өкілеттіктерінің 5-1-тармағында айқындалған Сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарының тізілімі мәліметтерінің және (немесе) таратылатын филиалдың дерекқорының негізінде жасалады.

21. Лицензиядан сақтандырудың жекелеген сыныбы (жекелеген сыныптары) алып тасталған, сақтандыру портфелі мәжбүрлеп берілген (міндетті сақтандыру сыныптары, зейнетақы аннуитеті шарттары, аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша), сақтандырудың жекелеген сыныбы (жекелеген сыныптары) бойынша лицензиядан айырылған кезде сақтандырудың осы сыныбы (осы сыныптары) бойынша жасалған барлық сақтандыру шарттары, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен, филиал сақтанушылар (сақтандырылғандар, пайда алушылар) алдында міндеттемелер атқаратын не міндеттемелер туындау ықтималдығы бар сақтандыру шарттары берілуге тиіс. Бұл ретте сақтандырудың бір сыныбы (түрі) шеңберінде сақтандыру портфелі бір сақтандыру ұйымына (филиалға) беріледі.

22. Филиалды мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап берілетін сақтандыру портфелінің құрамына:

1) басталғаны туралы мәлімделген және сақтандыру төлемдері жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған сақтандыру жағдайлары бойынша мәжбүрлеп таратылатын филиалдың сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелері басталған сақтандыру шарттары;

2) сақтандыру шарттары тізілімінде және (немесе) мәжбүрлеп таратылатын филиалдың дерекқорында жоқ сақтандыру шарттары;

3) тараптары (сақтанушы, қайта сақтанушы, қайта сақтандырушы) сақтандырушы-алушы болып табылатын сақтандыру шарттары енгізілмейді.

23. Шарттар тізімі ондағы ақпараттың өзгеруіне немесе шартты бұзуға, сақтандыру жағдайы туралы өтініш алуға, сақтанушының сақтандыру сыйлықақысын төлеуіне, сақтандыру төлемінің жүзеге асырылуына және басқа да өзгерістерге байланысты жаңа ақпаратты алуына қарай жаңартылады.

24. Шарттар тізімін жасағаннан кейін филиал, тарату комиссиясы сақтандыру резервінің түріне қарай сақтандырудың әрбір сыныбы және әрбір сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерінің мөлшерін алдын ала есептейді.

Сақтандыру резервтерінің құрамына:

еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві;

орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві;

өмірді сақтандыру шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві;

аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві;  
мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві (тарату комиссиясы беретін сақтандыру шарттарын қоспағанда) енгізіледі.

Сақтандыру резервтерін есептеу нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес жүргізіледі.

25. Берілуі болжанған сақтандыру міндеттемелеріне сәйкес келетін сақтандыру резервтерінің алдын ала мөлшерін айқындағаннан кейін филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелімен бірге берілуі болжанып отырған активтердің тізбесін жасайды

Активтердің тізбесінде мыналар қамтылады:

сақтандыру портфелінің құрамында берілетін активтердің мөлшері, түрі және тізбесі (сақтанушылардың дебиторлық берешегі және басқа активтер);

сақтандыру резервтерін өтеуге қабылданатын активтерге сәйкес келетін активтердің мөлшері, түрі және тізбесі;

жеткіліксіз сомаға өзге активтердің мөлшері, түрі мен тізбесі және сақтандыру резервтерін өтеуге қабылданатын активтерге сәйкес келетін активтерге оларды ауыстыру нұсқалары (берілуі болжанып отырған сақтандыру міндеттемелеріне сәйкес келетін сақтандыру резервтерінің мөлшеріне қатысты сақтандыру резервтерін өтеуге қабылданатын активтерге сәйкес келетін активтердің мөлшері жеткіліксіз болған жағдайда).

26. Филиал, тарату комиссиясы кепілдік беру ұйымына сақтандыру портфеліне ақы төлеу үшін берілуі болжанып отырған сақтандыру міндеттемелеріне сәйкес келетін сақтандыру резервтерінің алдын ала мөлшері туралы ақпарат ұсынады.

27. Берілетін портфель бойынша міндеттемелердің (сақтандыру резервтерінің) мөлшерін бағалауды тәуелсіз актуарий жүзеге асырады.

Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беру күнінде берілетін сақтандыру портфеліне сәйкес келетін сақтандыру резервтерінің мөлшерін есептеу үшін тәуелсіз актуарийді жұмысқа тартады.

Сақтандыру резервтерінің жүргізілген есептерінің дұрыстығын тексеру қажет болғанда сақтандырушы-алушы немесе кепілдік беру ұйымы тәуелсіз актуарийді жұмысқа тартады.

28. Дебиторлық берешек бойынша берілетін талап ету құқығының құны баланстық және баланстан тыс шоттарда есепте болатын берешек сомасы ретінде анықталады.

Сақтандыру портфелін беру кезінде сақтандыру портфеліне енгізілген сақтандыру шарттары бойынша активтер мен міндеттемелердің құны оны беру күніне есептеледі.

29. Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, филиалдың активтері сақтандыру портфелімен берілетін сапасы мен өтімділігі бойынша сәйкес келмеген және сақтандырушы-алушы оларды қабылдамаған жағдайда, филиал, тарату комиссиясы көрсетілген активтерді ауыстыруға жіберілген қажетті іс-шараларды (сатып алу-сату, ауыстыру және басқа да операциялар) жүргізеді.

30. Сақтандыру портфелін беру туралы шарт жазбаша нысанда жасалады.

31. Сақтандыру портфелін беру туралы шартта:

1) сақтандыру портфеліне енгізілген, сақтандырудың сыныптары (түрлері) бойынша бөлінген сақтандыру шарттары, оларды беру күнін көрсете отырып;

2) сақтандыру портфелін беру күнінде сақтандыру портфелі шеңберінде берілетін сақтандыру шарттарында көзделген құқықтары мен міндеттері (төленбеген сақтандыру сыйлықақысының мөлшері, кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ескере отырып, сақтандыру сыйлықақысын төлеу мерзімдері, сақтандыру сыйлықақысын төлеуді кешіктірген күндердің саны, жасалған сақтандыру төлемдері, мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар);

3) сақтандыру портфелін беру күнінде берілетін сақтандыру портфеліне енгізілген сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды, сондай-ақ сақтандыру шарттарының орындалуын көрсететін құжаттарды (сақтандыру шарттарының түпнұсқалары, сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) төленгенін растайтын құжаттар, филиал сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде жинаған құжаттар, сондай-ақ сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды растайтын құжаттар, реттелмеген сақтандыру жағдайлары бойынша құжаттар) беру тәртібі мен мерзімдері;

4) филиалға сақтандыру портфелін бергеннен кейін келіп түскен, берілген сақтандыру портфелі бойынша құжаттар мен ақпараттарды беру тәртібі мен мерзімдері ;

5) сақтандыру портфелін беру күнінде сақтандыру портфелін беретін филиалдың және сақтандырушы-алушының тәуелсіз актуарийі есептеген және берілетін сақтандыру шарттарына сәйкес келетін сақтандыру резервтерінің мөлшері;

6) берілетін активтердің мөлшері, құрамы мен құны және оларды беру мерзімі және (немесе) кепілдік беру ұйымының сақтандырушы - сатып алушыға төлейтін ақшасының сомасы;

7) сақтандыру портфелін тарату комиссиясы берген жағдайларды қоспағанда, активтерді ауыстыру мүмкіндігі;

8) сақтандырудың кепілді түрлері бойынша сақтандыру жарналарын төлеу туралы мәліметтер қамтылады. Сақтандыру портфелін беру туралы шартта көрсетілген ақпарат болмаған жағдайда сақтандырудың кепілді түрлері бойынша сақтандыру жарналарын төлеу сақтандырушы-алушыға жүктеледі.

32. Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беру туралы шарттың барлық маңызды талаптары мәлім болған, оны беруге тиісті келісімдер алынған және

сақтандыру портфелін беруге қажетті өзге талаптар бұзылмаған жағдайда, филиал бір немесе бірнеше сақтандырушыға сақтандыру портфелін беру туралы шарт жасау ұсынысымен, оның ішінде жария оферта арқылы оферта жібереді.

33. Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беруге ниет білдірген, бірақ берілетін сақтандыру портфелінің құрамына енгізуге жататын құқықтар мен міндеттерінің түпкілікті көлеміне қатысты сақтандыру портфелін беру туралы шарттың талаптары белгіленбеген жағдайда, филиал немесе тарату комиссиясы және сақтандырушы-алушы сақтандыру портфелін беру туралы алдын ала шарт жасайды.

Сақтанушы және сақтандырушы-алушы сақтандыру портфелін беру туралы алдын ала шарт бойынша болашақта сақтандыру портфелін беру туралы шартты (негізгі шарт) алдын ала шартта көзделген талаптармен жасау міндеттесін қабылдайды.

Алдын ала шарт жазбаша нысанда жасалады, онда шарттың мәнін белгілеуге мүмкіндік беретін жағдайлар, сондай-ақ тараптар оны жасасуға міндеттенетін мерзімі көрсетіле отырып, сақтандыру портфелін беру туралы шарт тараптарының басқа талаптары қамтылады.

34. Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беру туралы шарт жасаған және Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру портфелін беру туралы шарт бойынша құжаттарды қабылдау-өткізу актісіне (бұдан әрі – қабылдау-өткізу актісі) қол қойған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға көрсетілген құжаттардың көшірмелерін жібереді.

35. Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беру туралы шарт жасаған және қабылдау-өткізу актісіне қол қойған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру бойынша деректер базасын қалыптастыру және енгізу жөніндегі ұйымға сақтандыру сыныптары, берілген сақтандыру шарттарының саны және сақтандыру портфелінің берілгендігін растайтын құжаттардың көшірмелері туралы мәліметтер бар ресми хабарламаны жібереді.

36. Сақтандыру портфелін беру туралы шартты жасағаннан кейін филиал, тарату комиссиясы сақтандырушы-алушыға сақтандыру портфелін беру туралы шартта тараптар келіскен мерзімде, тәртіпте және талаптарда сақтандыру портфеліне қатысты барлық құжаттарды, берілетін сақтандыру міндеттемелеріне (тарату комиссиясының сақтандыру портфелін беруін қоспағанда) сәйкес келетін сақтандыру резервтерінің мөлшеріндегі активтерді, сақтандыру портфелін беру туралы шарттың талаптарына сәйкес ақпаратты және басқа мәліметтер мен құжаттарды береді.

37. Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді беру осы шарт бойынша сақтандыру ұйымы борышкерлерінің немесе кредиторларының олармен байланысты құқықтарын немесе міндеттерін бір мезгілде беру арқылы жүргізіледі.

38. Бір сақтандыру шартынан сақтандыру міндеттемелерінен басқа, өзге де міндеттемелер туындаса, онда филиалдың құқықтары мен міндеттерінің берілуі Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы

заңнамасымен белгіленген тәртіппен өзге міндеттемелер бойынша оның құқықтары мен міндеттерін бір мезгілде беру арқылы жүзеге асырылады.

39. Сақтандыру шарттары бойынша құқықтар мен міндеттерді берумен бір мезгілде қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру портфелін беретін филиал - қайта сақтанушының құқықтары мен міндеттері беріледі.

Егер филиал жасаған қайта сақтандыру шарттары бойынша құқықтары мен міндеттері қайта сақтандырылған сақтандыру шарттарынан туындаған құқықтарымен және міндеттерімен бір мезгілде берілмеген болса, онда филиал - қайта сақтанушы қайта сақтандырушыға қайта сақтандыру объектісінің толық немесе ішінара жойылғаны туралы хабардар етеді.

40. Сақтандыру портфелін беру кезінде берілетін сақтандыру шарттары бойынша филиалдың құқықтары мен міндеттері сақтандырушы-алушыға сақтандыру портфелін беру күніндегі көлемде және талаптарда өтеді.

Сақтандырушы - алушының сақтандыру шарттары бойынша құқықтар мен міндеттер өзіне өткен күннен бастап барлық тоқтатылмаған құқықтары болады және берілетін сақтандыру шарты күшіне енген кезден бастап туындаған филиалдың барлық тоқтатылмаған міндеттеріне жауап береді.

41. Филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелін беру туралы шартта тараптармен келісілген талаптарда сақтандырушы-алушыға сақтандыру портфелін бергеннен кейін филиалға келіп түскен барлық құжаттар мен ақпаратты береді.

42. Сақтандыру портфелі шеңберінде берілуге жататын өзге сақтандыру шарттары анықталған жағдайда, филиал, тарату комиссиясы және сақтандырушы-алушы сақтандыру портфелін беру шартына қосымша келісім жасайды.

43. Сақтандыру портфелінің құрамына берілмеген сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында және сақтандыру шартында көзделген талаптар бойынша бұзылады.

44. Сақтандырушы-алушы филиалдың сақтандыру портфелін қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдаған күннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде филиал, тарату комиссиясы сақтандыру портфелінің берілгені туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында және филиалдың интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Хабарландыруда:

сақтандыру портфелінің берілген күні;

сақтандырушы-алушының атауы, филиалдары мен өкілдіктері, байланыс телефондары ескеріле отырып оның орналасқан жері туралы ақпарат қамтылады.

Тарату комиссиясы сақтандыру портфелін берген жағдайда, хабарландыруда байланыс телефондары көрсетіле отырып тарату комиссиясының, оның бөлімшелерінің және кепілдік беру жөніндегі ұйымның орналасқан жері туралы ақпарат қосымша қамтылады.





	Сақтандыру шарты бойынша қалыптастырылған сақтандыру резервінің мөлшері (мөлшерлері):					Сақтандыру портфелін беруге келісім алу туралы мәліметтер (заңнамамен белгіленген жағдайларда)
Сақтандыру төлемінен (төлемдерінен) бас тартқан күн (күндер)	Еңбек сіңірілмеген сыйлықақы резерві	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві	Өмірді сақтандыру шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві	Аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резерві	
19	20	21	22	23	24	25

Филиалдың бірінші басшысының немесе оның орнындағы тұлғаның, тарату комиссиясы басшысының қолы

(қолы)

Қол қойылған күн 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Ескерту: осы қосымшаның 13, 14, 15, 16, 17, 18 және 19-бағандары тарату комиссиясы беретін сақтандыру портфелінің құрамына кіретін сақтандыру шарттары бойынша толтырылмайды.

Сақтандыру портфелін беру  
қағидаларына және  
Қазақстан Республикасы  
бейрезидент-сақтандыру (қайта  
сақтандыру) ұйымының  
филиалын лицензиясынан айыру  
күнінен бастап сақтандыру  
портфелін берудің  
ерекшеліктеріне  
2-қосымша  
Нысан

(шарттың жасалған күні және нөмірі көрсетіледі)

### Сақтандыру портфелін беру туралы шарт бойынша құжаттарды қабылдау-өткізу актісі

\_\_\_\_\_ қаласы

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

Сақтандыру портфелін беретін

(атауы)

филиалы, бұдан әрі "1-тарап" деп аталатын,

(тұлғаның өкілеттіктерін айқындайтын құжаттың деректемелері)  
негізінде әрекет ететін

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)  
арқылы бір жағынан және сақтандыру портфелін қабылдайтын

---

(атауы)  
филиалы, бұдан әрі "2-тарап" деп аталатын, \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_

---

(тұлғаның өкілеттіктерін айқындайтын құжаттың деректемелері)  
негізінде әрекет ететін

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)

арқылы екінші жағынан бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, осы Сақтандыру портфелін беру туралы шарт бойынша Құжаттарды қабылдау-өткізу актісіне (бұдан әрі – Акті) қол қою арқылы:

1) осы Актіге қосымшаға сәйкес 1-тараптың құжаттарды бергенін, ал 2-тараптың қабылдағанын;

2) 2-тараптың осы Актіге қосымшада көрсетілген құжаттар тізбесіне наразылықтарының жоқ екенін;

3) Толтыру үшін мәліметтер:

---

---

---

---

---

---

---

---

(сақтандыру шарттары бойынша берілетін міндеттемелер мөлшері, сақтанушының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (жеке тұлға үшін) немесе сақтанушының атауы (заңды тұлға үшін), сақтандыру шарты жасалған күн және оның нөмірі, сақтандыру шартының қолданылу мерзімі, сақтандыру кезеңі, сақтандыру объектісі, сақтандыру сомасының және сақтандыру сыйлықақысының мөлшері көрсетіле отырып сақтандыру шарттарының тізбесі);

---

---

---

---

---

---

---

---

\_\_\_\_\_

(атауы, түгендеу нөмірі, баланстық (бар болса – бағалау) құны, филиалдың меншік құқығын растайтын құжаттар көрсетіле отырып филиалдың берілетін активтерінің мөлшері, тізбесі және түрлері (тарату комиссиясының сақтандыру портфелін беруін қоспағанда);

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(дебиторлардың тегі, аты, әжесінің аты (ол бар болса) немесе атауы, дебиторлық берешектің сомасы ескерілген шоттардың нөмірлері, берешектің туындауына негіздеме көрсетіле отырып дебиторлық берешек бойынша берілетін талап ету құқығының құны мен тізбесі (тарату комиссиясының сақтандыру портфелін беруін қоспағанда);

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(тарату комиссиясының сақтандыру портфелін беру кезінде кепілдік беру жөніндегі ұйым сақтандырушы-алушыға төлейтін ақша сомасы);

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(берілетін құжаттар (шарттар, куәліктер мен басқа да құжаттар).

4) Акті күші бірдей екі данада жасалғанын және қол қойылғанын растайды;

5) \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

(қосымша мәліметтер (олар бар болса).

1-тарап:

2-тарап:

\_\_\_\_\_

(қолы)

\_\_\_\_\_

(қолы)

Өзгерістер мен толықтырулар  
енгізілетін сақтандыру қызметін  
реттеу мәселелері бойынша  
Қазақстан Республикасының  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
8-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу

**Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын жасау қағидалары мен ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидалары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын жасау қағидалары мен ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын жасау тәртібі мен ерекшеліктерін айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру шарттары мен тәртібін белгілейді.

Қағидалар "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар, сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарттарын жасасуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдары филиалдарына қолданылады.

2. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) инвестицияларға қатысу шарты – Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалы мен сақтанушының арасында жасалатын және сақтанушының сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) тәуекел және жинақтаушы бөліктерден тұрған (тұратын) инвестицияларға қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шарты;

2) пайдаға қатысу шарты – Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалы мен сақтанушының арасында жасалатын және сақтанушының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының пайдасына қатысу талаптары көзделетін сақтандыру шарты, ол бойынша төлем аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша есептеледі;

3) сақтандыру ұйымы – Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының бас ұйымы болып табылатын Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы;

4) инвестициялық декларация – инвестициялау объектілерінің тізбесін, сақтанушылардың активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегиясын, талаптары мен шектеулерін, сақтанушылардың активтерін хеджирлеу мен әртараптандыру талаптарын анықтайтын құжат;

5) инвестициялық портфель – сақтанушылардың активтері есебінен сатып алынған, қаржы құралдары түрлерінің жиынтығы;

6) инвестициялық тәуекел – сақтанушылардың активтерін инвестициялаумен байланысты тәуекел;

7) сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігі – инвестициялау мақсаттары үшін инвестицияларға қатысуды көздейтін сақтандыру шарттары бойынша сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) бөлігі;

8) сақтандыру сыйлықақысының тәуекел бөлігі – сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) сақтандыру жағдайының басталу тәуекелін, сақтандыру ұйымының әкімшілік шығыстарын өтейтін бөлігі;

9) сақтанушылардың активтері – сақтанушының инвестицияларға қатысу талабы көзделетін сақтандыру шарттары бойынша инвестициялау мақсаттары үшін

сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) және оларды инвестициялаудан алынған кірістердің (зиянның) бөлігі есебінен қалыптастырылатын активтер;

10) сақтанушының өтініші – сақтанушы қол қойған және сақтанушы активтерін инвестициялау үшін таңдаған инвестициялық портфельдердің атауы және өзге де түрлерін қамтитын инвестицияларға қатысу шартының ажырамас бөлігі болып табылатын өтініші.

## **2-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтанушының инвестицияларға немесе сақтандырушының пайдасына қатысу талабы көзделетін сақтандыру шартын жасау қағидалары мен ерекшеліктері.**

3. Инвестицияларға немесе пайдаға қатысу шартын сақтандыру ұйымы атынан Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалы әрбір сақтанушымен жеке жасайды.

Сақтанушының активтерін инвестициялаумен байланысты инвестициялық тәуекелдерді сақтанушы көтереді.

4. Инвестицияларға қатысу шарттарын жасаған кезде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалы сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін сақтандыру ұйымының инвестициялық басқаруына береді.

5. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалы инвестицияларға немесе пайдаға қатысу шартын жасасқанға дейін сақтанушыға (сақтанушының қалауы бойынша электрондық нысанда және (немесе) қағаз тасымалдағышта) танысу үшін:

1) Заңның 11-1-бабында көзделген Сақтандыру қағидаларының (бұдан әрі – Сақтандыру қағидалары) көшірмесін;

2) сақтандыру ұйымы туралы мәлімет (инвестицияларға қатысумен шарт жасалған жағдайда);

3) инвестицияларға немесе пайдаға қатысумен сақтандыру шартын жасауға, сондай-ақ сақтандырушылардың активтерін инвестициялық басқарғаны үшін тараптардың сыйақы алу мөлшері туралы мәліметті (олар бар болса);

4) сақтандыру ұйымының пайданы бөлу талаптарын, тәртібін және мерзімін (пайдаға қатысумен шарт жасалған жағдайда);

5) сақтандыру ұйымының инвестициялық декларацияларының көшірмелерін жіібереді, олардың негізінде портфельдер (инвестицияларға қатысу шартын жасаған кезде) құрылады.

6. Инвестицияларға қатысу шарты 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) (бұдан әрі – Азаматтық кодекс ) 826-бабының 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) сақтандыру сыйлықақысының тәуекел және жинақтаушы бөліктерінің (сақтандыру жарналарының) мөлшерлері;

2) сақтандыру ұйымының сақтанушылардың активтерін инвестициялық басқарғаны үшін сыйақы алу мөлшері және тәртібі;

3) инвестициялық портфельді қалыптастыруға және жұмыс істеуін тоқтатуға байланысты сыйақылар мен шығыстардың түрлері, анықтау тәртібі және ең көп мөлшері, оларды инвестициялық портфельдің активтерінен төлеу шарттары мен тәртібі ;

4) сақтандыру ұйымының сақтанушылардың активтерін басқару талаптары мен тәртібі;

5) сақтанушылардың активтерін сақтандыру ұйымының инвестициялық басқаруына беру талаптары мен тәртібі;

6) сақтанушының активтерін инвестициялау тәртібі мен объектілері;

7) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру ұйымы мен сақтанушының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

8) сақтандыру ұйымының инвестициялық портфельді қалыптастыру жөніндегі әрі қарай қызметті жүзеге асыра алмауына немесе бас тартуына байланысты сақтанушыға инвестициялық портфельді активтерін беру шарттары мен тәртібі;

9) инвестициялық портфельдің жұмыс істеуін тоқтату талаптары мен тәртібі;

10) сақтандыру ұйымының инвестициялық портфельді басқаруға және (немесе) сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясының қолданысы тоқтатылған, сондай-ақ қызметті тоқтатылған және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуы тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысының тәуекел бөлігіне қатысты іс-шаралар жүргізу тәртібі;

11) төленетін соманы айқындау тәртібі, сондай-ақ оны жүзеге асыру мерзімдері;

12) сақтанушының өтінішін ұсыну тәртібі.

7. Сақтанушының сақтандыру ұйымының пайдасына қатысу талаптарын көздейтін сақтандыру шартында Азаматтық кодекстің 826-бабының 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мынадай мәліметтер қамтылады:

1) сақтандыру ұйымының пайданы бөлу талаптары, тәртібі және мерзімі;

2) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының, сақтандыру ұйымы мен сақтанушының құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

3) сақтандыру ұйымының сыйақы алу мөлшері және тәртібі (ол бар болса).

**3-тарау. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының инвестициялау мақсаттары үшін сақтанушылардан алынған сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігі және оларды инвестициялаудан алынған кірістер (зиян) есебінен қалыптастырылған активтерді Қазақстан Республикасының**

**бейрезидент-сақтандыру ұйымы резиденті болып табылатын мемлекеттің бағалы қағаздар нарығында инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру шарттары мен қағидалары**

8. Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беруі Сақтандыру қағидаларында белгіленген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымы филиалының сақтандыру сыйлықақысының жинақтаушы бөлігін сақтандыру ұйымына инвестициялық басқаруға беру талаптары мен тәртібі Қағидаларда және Сақтандыру қағидаларында реттелмеген бөлігінде сақтанушымен жасалған инвестицияларға қатысу шарттарына сәйкес жүзеге асырылады.